С.М. Иншаков полагает, что наиболее эффективным подходом окажется перегруппировка сил, усиление главного направления воздействия на преступность за счёт второстепенных. При этом он убедительно доказывает, что на эффективную борьбу с тяжкими и особо тяжкими латентными преступлениями у государства ресурсов достаточно. Это направление воздействия на преступность, по мнению докладчика, необходимо усилить и полностью обеспечить (в материальном, кадровом, научном отношении) [10].

Список литературы

- 1 Кутяев В.М. Криминологическая характеристика скрытой преступности на железнодорожном транспорте (по материалам Волго-Вятского управления внутренних дел на транспорте МВД РФ) // автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. - Нижний Новгород, - 2003, -175 С.
- 2 Бышевский Ю.В., А.А.Конев, Латентная преступность и правосознание, учебное пособие. - Омск: Омская высшая школа милиции МВД СССР. - 1986. - 76 с.
- 3 Шахбанова Х.М. Проблемы латентной преступности. - Махачкала: Дагестанский государственный университет народного хозяйства, - 2016. - 36 с.
- 4 Хохряков Г.Ф. Криминология. – М.: Юристъ, 2000. – 544 с.
- 5 Захаревич Ф. Опыт юридической статистики // Журнал Министерства внутренних дел. - 1853. - Ч.41. – 258 С.
- 6 Малков В.Д., Криминология: учебник для вузов. - Москва: ЗАО «Юстицинформ», -2006.
- 7 Кривенцов П.А. Диссертационная работа «Латентная преступность в России: криминологическое исследование», - Москва, -2014.
- 8 Алауханов Е.О. Криминология. - Алматы: Жеті жарғы, - 2008.
- 9 Иншаков С.М. Теоретические основы исследования и анализа латентной преступности. – М.: ЮНИТ-ДАНА, - 2011. – 782 с.
- 10 Д. А. Шестаков Латентность преступности, вопросы теории (в связи с докладом профессора С. М. Иншакова на заседании Санкт-Петербургского криминологического клуба 29 февраля 2008 года). [Электрон. ресурс]. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/latentnost-prestupnosti-voprosy-teorii> (дата обращения: 25.07.2019)

Н.Қ. Абдраманова

*Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан*

2010-2018 жылдарындағы Қазақстан Республикасы аумағындағы қылмыстың және латентті қылмыстың статистикалық көрсеткіштерін талдау

Аңдатпа. Автор Қазақстан Республикасы аумағындағы латентті қылмысқа криминологиялық баға беру үшін қылмыс статистикасына талдау жасады. Нақты латентті қылмыстар болмаса, барлық

қылмыстың жай-күйінің сенімді көрсеткіштерін алу мүмкін емес. Сондықтан, барлық қылмыстар туралы нақты мәліметтер болмаса, мемлекеттің бұл құбылыспен күресудің заңды әдістері жарамсыз, яғни оларға ешқандай әсер етпейді. Зерттеу нәтижелері бойынша, автор Қазақстанда жасырын қылмыстың қауіпсіз болуы және оның пайда болуына, дамуы мен өсуіне ықпал ететін барлық факторлар мен себептерді зерттеу қажеттілігі туралы қорытындыға келеді. Бұл осы мәселені зерделеудің өзектілігін және латентті қылмыспен қатар, жалпы қылмысқа қарсы күрестегі маңыздылығын дәлелдейді.

Түйінді сөздер: криминологиялық талдау; зерттеу; өзектілігі; латентті қылмыс; қылмыстық-құқықтық саясат; криминология; қылмыстық статистика; жасырын қылмыс.

N.K. Abdramanova

Akhmet Yassawi University, Turkistan, Kazakhstan

Analysis of statistical crime indicators in the territory of the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2018. and latent crime

Abstract. In order to give a criminological assessment of latent crime in the territory of the Republic of Kazakhstan, the author analyzed crime statistics. Without real latent crime figures, it is impossible to obtain reliable indicators of the state of all crime. And therefore, without accurate data on all crime, the legal methods of the state's struggle with this phenomenon are not valid, that is, they have no influence on them. According to the results of the study, the authors come to the conclusion about the safe existence of latent crime in Kazakhstan, and the need to study all the factors and reasons that contribute to its existence, development and growth. This proves the relevance of the study of this issue and its great importance in the further successful fight against both the latency of crime and all common crime.

Key words: criminological analysis; study; relevance; latent crime; criminal law policy; criminology; criminal statistics; hidden crime.

References

- 1 Kutayayev V.M. Kriminologicheskaya kharakteristika skrytoy prestupnosti na zheleznodorozhnom transporte [Criminological characteristics of hidden crime in railway transport] (po materialam Volgo-Vyatskogo upravleniya vnutrennikh del na transporte MVD RF) [based on materials of the Volga-Vyatka Department of Internal Affairs in transport of the Ministry of Internal Affairs of the Russian Federation] // avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata yuridicheskikh nauk [dissertation abstract for the degree of candidate of legal sciences], Nizhniy Novgorod, 2003, 175 p.
- 2 Byshevskiy Ju.V., A.A.Konev, Latentnaya prestupnost' i pravosoznanie, uchebnoe posobie [Latent crime and legal awareness, study guide] (Omsk Higher Police School of the Ministry of Internal Affairs of the USSR, Omsk, 1986, 76 p.)
- 3 Shahbanova H.M. Problemy latentnoj prestupnosti [Latent Crime Issues] (Dagestan State University of National Economy, Makhachkala, 2016, 36 p.)
- 4 Hohrjakov G.F. Kriminologiya [Criminology] (Lawyer, Moscow, 2000, 544 p.)
- 5 Zaharevich F. Opyt juridicheskoy statistiki [Legal Statistics Experience] // Zhurnal Ministerstva vnutrennikh del [Journal of the Ministry of the Interior] 41, 258 (1853)
- 6 Malkov V.D., Kriminologiya: uchebnik dlja vuzov [Criminology: a textbook for universities] (CJSC «Justicinform», Moscow, 2006)
- 7 Krivencov P.A. Dissertacionnaya rabota «Latentnaya prestupnost' v Rossii: kriminologicheskoe issledovanie» [Thesis «Latent crime in Russia: criminological research»]. Moscow, 2014
- 8 Alauhanov E.O. Kriminologiya [Criminology] (Seven tiredness, Almaty, 2008)

-
- 9 Inshakov S.M. Teoreticheskie osnovy issledovaniya i analiza latentnoj prestupnosti [Theoretical bases of research and analysis of latent discourse] (UNIT DANA, Moscow, 2011, 782 p.)
- 10 D. A. Shestakov Latentnost' prestupnosti, voprosy teorii (v svjazi s dokladom professora S. M. Inshakova na zasedanii Sankt-Peterburgskogo kriminologicheskogo kluba 29 fevralja 2008 goda) [Latentness Discrimination, Problems of Theory (in connection with Professor S. Inshakova on the St. Petersburg Criminological Club on February 29, 2008)] [Electronic resource]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/latentnost-prestupnosti-voprosy-teorii> (Accessed: 25.07.2019)

Сведения об авторе:

Абдраманова Н.К. – магистр юридических наук, PhD докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Проспект Б. Саттарханова 29, Туркестан, Казахстан.

Abdramanova N.K. - Master of Laws, PhD student, Akhmet Yassawi University, Prospect B. Sattarkhanov 29, Turkistan, Kazakhstan.

XFTAP 10.77.21

Б.Т. Абулкаирова

*Халықаралық Қырғызстан Университеті, Бішкек, Қырғызстан
(E-mail: b.abulkairova@mail.ru)*

Бала ауыстыруды субъективтік жақтың тарапынан саралау

Аңдатпа. Мақалада бала ауыстыруды жүзеге асырған кездегі тұлғалардың кінәлілігінің деңгейі, олардың негізгі мақсаттары, ниеттері мен мотивтері қарастырылған. Ол тұлғаларға баланың ата-анасын, медицина қызметкерлерін және өзге де тұлғаларды жатқызуға болады.

Мақаланың мақсаты аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың субъективтік жағын саралау мәселелеріне баса назар аудару болып табылады. Сонымен қатар мақалада кінәнің аралас нысанымен жасалуы мүмкін қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы кейбір авторлардың пікірлері қарастырылған. Аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың субъективтік жағын дұрыс саралау жалпы еліміздегі қылмыстылықты ашуға өзінің септігін тигізеді.

Мақаланың әдістемелік негізін логикалық-заңдық, салыстырмалы, құрылымдық-жүйелі, тарихи және нақты-әлеуметтік, статистикалық сияқты жалпы ғылыми және арнайы білім әдістері құрайды.

Ұсынылып отырған тақырып Қазақстанда және жалпы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде өте аз зерттелген мәселелердің бірі болып табылады.

Мақаланың тәжірибелік маңыздылығына тоқталатын болсақ, мақалада келтірілген тұжырымдар бала ауыстырудың субъективтік жағын анықтау бөлігіндегі қылмыстық заңнаманы жетілдіру процесінде ескерілуі мүмкін. Сонымен қатар, қылмыстық құқық пен криминология пәндері бойынша оқу курстарын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: нәресте, бала, ата-ана, қылмыс құрамы, ауыстыру, ниет, эмоция, пиғыл.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2019-128-3-64-75>

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 136 - бабында көрсетілген норма Қазақстан Республикасымен ратификацияланған «Бала құқықтары туралы конвенция» талаптарына сәйкес келеді [1]. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 1-бабында «бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам», - деп анық айтылған [2]. Бала ретінде тек 18 жасқа толмаған тұлғалар танылатындығы осы норма ережелерінде анық айтылған. Яғни, бала ауыстыру қылмыстық құқықбұзушылығында көрсетілген ауыстыру тек кәмелетке толмағандарға қарсы ғана жүзеге асырылуы қажет. Бала ауыстыру әрдайым мемлекетпен жоғары бағалаланатын және қорғалатын баланың заңды мүддесіне ғана нұқсан келтіріп қана қоймай, оның негізгі құқықтарын бұзады. Оның ішінде баланың дұрыс қалыптасуы мен дамуы, отбасында тиісті дәрежеде тәрбиеленуі, елінің елеулі тұлғасы болып өсуі жағдайларына теріс әсерін тигізбей қоймайды. «Бала ауыстыру- ата-анасынан туған баланың орнына өзге баланы беру түсініледі. Бұл орайда, ол іс-әрекеттер ауыстырылатын балалардың ата-анасының немесе бір ата-ананың келісімінсіз жүзеге асырылуы мүмкін. Ұл баланы қыз баламен, дені сау баланы ауру баламен, өлі туған баланы тірі туған баламен ауыстыру жағдайлары тәжірибеде кездесіп жатады [3, 226 б.]. Сонымен қатар, өлі туған баланы басқа өлі туған баламен ауыстыру фактілері де орын алып жатады. Мәселен, 2017 жылдың 21 тамызында Шымкент қаласында өлі туған баланы басқа өлі туған балаға ауыстыру фактісі орын алған [4]. Өлі туған балаларды ауыстырған акушерге қатысты шара қолданылған. Яғни, ол жұмыстан шығарылған. Алайда, жәбірленуші әйел ол акушерді баласын ауыстырғаны үшін ғана емес, өзінің баласының өліміне де себепті деп есептеген. Атап кететін тағы бір жәйт, біреудің баласын өзге біреудің баласымен ауыстырғаны үшін

жауаптылық туындайтынын ескерген жөн. Сонымен қатар, баланың бір ата-анасының келісімі болмаған кезде оны өз баласымен ауыстырған кезде де жауаптылықтың бар екендігін ескере кеткен жөн. Егер бала ауыстыру ата-аналардың өзара келісімі болғанда және арнайы сыйақы беру бойынша жүзеге асырылса, жауаптылық бала ауыстырғаны үшін емес, кәмелетке толмағандарды саудаға салғаны үшін туындайды» [3, 226 б.].

Кейбір авторлардың пікірі бойынша, «Жаңа туған нәрестелерді екі жақтың да ата-аналарының өзара келісімі бойынша ауыстыру – қылмыс құрамын түзбейді» [5, 80 б.].

Алайда біздің ойымызша, аталған қылмыстық құқықбұзушылық үшін ата-аналардың өзара келісімі болған кезде де жауаптылық көзделгені дұрыс деп ойлаймыз. Өйткені, бұл жағдайда, баланың өз отбасында тәрбиелену мен өмір сүру құқығына нұқсан келеді. Осы арқылы ата-аналар өз балаларының тағдырына беймарал қарайтындығын көрсетеді. Ал бала ол біздің басты құндылықтарымыздың бірі болып табылады. Бала ауыстыру арқылы балаға ғана зиян келіп қоймай, баланың ата-анасына да моральдық зиян келеді. Ол арқылы ата-аналар мен бала арасындағы табиғи байланыс үзіледі [6, 120 б.].

Осылайша, бір адамның ғана мүддесіне зиян келіп қоймай, тұтас отбасы мен қоғам зардап шегеді.

Зерттелу деңгейі. Субъективтік жақ мәселелері Савельева В.С., Ашитов З.О., Рогов И.И., Бекмагамбетов А.Б., Колмакова О. және өзге ғалымдардың еңбектерінде қарастырылғанын атап өту керек. Алайда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 136 –бабында көрсетілген қылмыс құрамының субъективтік жақтарының белгілеріне қатысты бөлек зерттеу жүргізілмеді.

Негізгі бөлім. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша бала ауыстырудың субъективтік жағының белгілерін анықтау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Мақала кәмелетке толмағандардың өз ата-анасын білу, отбасылық байланысты сақтау, егер заңда өзгеше көзделмесе, ата-анасынан бөлектемеу туралы «Бала құқықтары туралы» Конвенцияның (7-9 баптары) ережелерін жүзеге асыруға бағытталған. Бала ауыстыру әрқашан да тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады. Бұл орайда заң шығарушы кінәлілердің нақты қандай мақсаттарды басшылыққа алатындығын талап етеді. Бұл орайда бала ауыстыру қасақаналықпен, пайдакүнөмдік ниетпен жасалады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 136 - бабының 2-бөлігінде көрсетілген «өзге де ұждансыз пиғылмен жасалған дәл сол іс-әрекеттер» үшін де қылмыстық жауаптылық көрсетілген. Бұл жерде «өзге де ұждансыз пиғылға» кек алу, қызғаныш және соған ұқсас өзге де мотивтер жатады және олар іс-әрекетті саралауда қиындық туғызады. Бала ауыстыру нәтижесінде материалдық сыйақы алуға мүдделі топтардың іс-әрекетінде міндетті түрде пайдакүнөмдік ниет болатындығы анық. Тұлғаның жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекетке және одан туындаған зардапқа (орын алған немесе орын алмаған) деген психикалық қатынасы қылмыс құрамының субъективтік жағын құрайды. Қылмыстың субъективтік жағына тән белгілерге кінә, мақсат, мотив, эмоция, өзгеше айтқанда, эмоционалдық жағдайлар жатады. «Бала ауыстырудың субъективтік жағы келесі белгілердің болуын қамтиды: кінәлі бала ауыстыру болып жатқанын біледі, сонымен қатар, сол іс-әрекеттердің болуын қалайды. Перзентхана үйінде абайсызда бала ауыстырғаны үшін медицина қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін [3, 226 б.]. Алайда, біздің ойымызша, аталған абайсызда жасалған іс-әрекет үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту жеткілісіз болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 136-1 бабы ретінде «Абайсызда бала ауыстыру» қосу қажет деп есептейміз. «Бала ауыстыру арқылы туыстық қатынастар күштеп бұзылады, ата-аналар мен балалар арасындағы терең моральдық нормалармен толтырылған қатынастарға орны толмас зиян келеді. Бала ауыстыруды жүзеге асыру арқылы баланың (балаларды ауыстыру жүзеге асырылса – екі баланың) шығу тегіне қатысты мәліметтер бұрмаланады; баланың (немесе екі баланың) нақты жағдайы

бұрмаланады; өтіріктің ашылуы мен мәліметтердің бұрмалануы балаға ғана емес, ересектерге де терең және ұзаққа созылған ақыл-ой зардабын тигізіп, моральдық зиянның орын алуына әкелуі мүмкін. Осылайша, бала ауыстыру фактісінің ашылуы аталған қылмыстың тікелей объектісін құрайтын баланың жан-жақты дамуына, тиісінше оның психикалық денсаулығына аса қауіп туғызады» [7, 36 б.].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 136-бабы пайдакүнемдік және өзге де ұждансыз пиғылмен жасалған бала ауыстыру қылмысы үшін жауаптылық көздейді.

Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдерге қарсы жасалатын барлық қылмыстардың субъективтік жағы қасақаналықпен сипатталады. Ескере кететін бір жәйт, қылмыстардың көбісі тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады, бірақ, жанама қасақаналықпен де жасалатын кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар да кездеседі [8].

Бала ауыстырудың субъективтік жағы кінәнің қасақаналық нысанымен және өзіндік мотивтардың болуымен сипатталады. Е.Зубкованың пікірінше, бұл жердегі қасақаналықтың түрі- тікелей қасақаналық. Формальдық құрамдағы қылмыс құрамы негізінен жанама қасақаналықпен жасалынбайды, тек қана тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады. Бұған қосатын тағы бір мәселе құқықбұзушылардың құқықтық салдар туғызбайтын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жүзеге асыруында қылмыстық мотив жатыр. Сәйкесінше, формальды құрамға ие қылмыстың мотивы аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың тек тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылатындығын айқындайды [9, 8 б.].

Ұждансыз пиғыл – бұл кінәлі өзінің іс-әрекеттері арқылы мораль мен адамгершілік нормаларын қатты бұзатын пиғылдар (өшпендік, көре алмаушылық, ұлттық, нәсілдік мотивтар, баланы өзінің жеке мақсатына пайдалануы және т.б.) [10].

Қылмыс құрамының субъективтік жағы – бұл кінәлінің қасақаналық немесе абайсыздық нысанында көрініс табатын, кейбір жағдайларда тұлғаның іс-әрекет жасау кезіндегі психикасын сипаттайтын ерекше эмоционалдық жағдайы мен мақсатында, мотивында көрсетілетін қоғамға қауіпті іс-әрекетке және оның салдарына деген психикалық (саналы-ерікті) қатынасы болып табылады [11, 119 б.].

Бала ауыстырудың субъективтік жағын сипаттай келе, қылмыс құрамының факультативтік белгісі болып табылатын мотивты қарастырмай кету мүмкін емес. Бұл құрамда ол міндетті белгі болып табылады. Пайдакүнемдік және өзге де ұждансыз пиғылдар мотивты құрайды. Ал ол мотив болмаса аталған қылмыстық іс-әрекет үшін жауапкершілік те туындамайды.

«Ұждансыз пиғылдар» термині қылмыс құрамының белгілерін қалыптастыруда тиісті деңгейде пайдаланылмаған. Сонымен қатар, заң әдебиеттерінде жеткілікті деңгейде анықталмаған [12]. А.В. Пушкиннің пікірінше, сот тәжірибесі өзге де ұждансыз пиғылға, негізінен, адамгершілік пен мораль талаптарына қайшы келетін баланың ата-анасын қызғану, кек алу, бұзақылық секілді қауіпті іс-әрекетке итермелейтін алғышарттарды жатқызуға болады [13].

Материалдық пайда (ақша, сыйлықтар, тұрғын үй алу, көлік және т.б.) алу үшін қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасауы пайдакүнемдік болып табылады. Ал кінәлі өзінің қоғамға қауіпті іс-әрекеті арқылы өзінің ренішін, кегін жүзеге асыруға тырысуы өзге де ұждансыз пиғылды құрайды. Қоғамға қауіпті бұл іс-әрекет ата-ананың бақытын көреалмаушылықтан, қызғаныштан жасалуы мүмкін [14, 99 б.].

Бұл жерде назар аударатын бір мәселе: бала ауыстырудың мотивы әртүрлі болуында. «Бала ауыстырудың субъективтік жағы тек тікелей қасақаналықпен жүзеге асырады. Бала ауыстыру кезінде кінәлі өзінің іс-әрекетінің мәнін түсініп, оны жүзеге асыруды қалайды. Сол себептен де, тиісті лауазымды тұлғалардың перзентхана үйлерінде абайсызда бала ауыстыруы салақтық үшін немесе тәртіптік жауаптылыққа тартуға негіз болуы мүмкін» [15, 155 б.].

Біздің ойымызша, аталған абайсызда жасалған іс-әрекет үшін лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тартуға байланысты авторлардың пікірмен келісе алмаймыз десек болады. Өйткені, олардың құқыққа қайшы іс-әрекеті баланың дамуы мен дұрыс қалыптасуына қауіп туғызады. Кез келген бала, әсіресе нәрестелер, құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы жағдайында Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасымен қорғалуы қажет.

Кінәлі тұлға бала ауыстыруды тікелей қасақаналықпен жасай келе, өзінің іс-әрекетінің жүзеге асуын тілейді. Заңнамада бала ауыстырудың тек тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылатындығы және абайсызда жасалған іс-әрекет бұл бап бойынша сараланбайтындығы туралы айтылған.

И.И. Рогов және С.М. Рахметов «кінәлінің нәрестені ауыстыру нәтижесінде мүдделі тұлғалардан сыйақы түріндегі материалдық пайда алу ниеті пайдакүнемдікті құрайды» деп атап көрсетеді [16]. Осылайша, авторлар бала ауыстырудың негізінен сәбилерге қарсы жүзеге асатынын куәландырады. «Нәресте ретінде біз бір жасқа дейінгі сәбиді қарастырамыз. Бұл кезең де келесідей бөлінеді: жаңадан туылған кезең (туылғаннан кейінгі алғашқы төрт апта) және емізуге арналған кезең (4 аптадан 1 жасқа дейін)» [17]. Қазақстан Республикасында бала ауыстыру негізінен жаңа туған нәрестелерге қатысты жүзеге асырылады. Өйткені, нәрестелерді бір-бірінен ажырату өте қиын, яғни, оларды идентификациялау мүмкін емес десе де болады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 136 бабын «Нәрестелерді қасақана ауыстыру» деп өзгерткен жөн деп есептейміз. Өйткені, қылмыстық құқықбұзушылықтың құрбандары болып бір емес, екі нәресте табылады. Біздің ойымызша, «ауыстырудың мәнін білмейтін балалар ғана аталған қылмыстың жәбірленушісі болып табылады», -деген И.Я. Козаченко, А.Н. Красиковтың ұстанымдары дұрысырақ деп есептейміз [18].

О. Харченконың ойынша, субъективтік жақтың факультативтік белгілерінің (мотив пен мақсат) кейбір талданатын қылмыстар үшін заңдық мәні бар болып табылады. Қоғамға қауіпті іс-әрекетті пайдакүнемдік немесе өзге де ұждансыз пиғылмен жүзеге асырған кезде ғана бала ауыстыру кезіндегі қылмыс құрамы бар болып есептеледі [19].

Адамды қылмыс жасауға итермелейтін күш мотив деп аталады. Мотив адамды не итермеледі деген сұраққа жауап берсе, ал мақсат ол мінез-құлықтың бағытын көрсетеді. Мотив –ол негіз болып табылса, ал мақсат – ол адамның неге ұмтылатындығын көрсететін бағыт болып саналады. Қылмыстық мінез-құлықтың мотивы ең алдымен қылмыскер тұлғасымен байланысты екендігін ескерген жөн. Мотивтерді баланы алмастырумен қатар жүретін жағдайларға қарай да бағалауға болады: жәбірленушінің жеке басын сипаттайтын талаптар, орын, уақыт және т.б. Сонымен қатар, айта кететін бір жайт, егер қылмыс топпен жасалса, ол топ мүшелерінің мотивтары да сәйкес келмеуі мүмкін.

Егер топ ұйымдастырушысы мүліктік талаптарды алғышарт ретінде қарастырса, ал топтың басқа мүшелерінде пайдакүнемдікке қатысы жоқ бұзақылық мотивтар кездесуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында бала ауыстыру фактілері кездеседі, бірақ өте сирек. Мысалы, 2010 жылы Атырау облысының перзентхана үйінің қызметкерлері ерлі-зайыпты Б. және Н. –ға олардың тірі туылған қыздарының орнына өлі туған баланың денесін ұсынған. Бұл фактіні сот экспертизасы дәлелдеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 134 бабы «Бала ауыстыру бойынша» қылмыстық іс қозғалды [20]. Аталған қылмыстық құқықбұзушылық өте сирек кездесетін және ауыр болғандықтан бұл орайда оның субъективтік жағына ерекше назар аудару керек деп есептейміз. Бұл орайда қоғамға қауіпті іс-әрекеттің жасалу мақсаты мен негізгі мотивын ескерген дұрыс. Қазіргі таңда осындай қоғамға қауіпті іс-әрекет үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 136-бабы бойынша жауаптылық көзделген.

А.А. Пионтковский ойынша, қылмыстың мақсаты мен мотив секілді категорияларды тек қасақана қылмыстарға қатысты қолдану керек [21, 291 б.].

Белгілі болғандай, кінәліде саналы түрде қылмыс жасауға деген ниеттің болуы мотив болып табылады. А.В. Савченконың пікірі бойынша, мотив – бұл адамды қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасауға итермелейтін негізгі бағыт болып табылады [22, 79 б.], ал қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасау арқылы нақты қоғамдық салдарды жүзеге асыру ниетінің болуы қылмыстың мақсаты болып табылады. Б.С. Волков атап өткендей, тұлғаның өзінің іс-әрекетінің және одан туындайтын салдардың мәнін түсінуі және оны қандай факторлар туғызғанын, қылмыс жасауға не итермелегенін, қандай мотивтар негіз болып табылғанын білуі бала ауыстыруды жүзеге асырған кездегі мотивты анықтауға мүмкіндік туғызады [23, 156.]. Б.С. Волков пікірінше, мотив пен мақсат – тұлғаның қылмыс жасау кезіндегі психикалық жай-күйін анықтауға, құқыққа қайшы мінез-құлықтың себептерін анықтауға, сонымен қатар, кінәнің нысанын анықтауға, кінәлі тұлғасының қоғамға қауіптілік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мотивтың жауаптылықты белгілеудегі рөлін де бағаламай кетуге болмайды [23, 54-55 бб.].

Аталған қылмысты жасау мотивтары да алуан түрлі болуы мүмкін: қылмыстық жауаптылықтан қашу, өзін қинағысы келмеу, жақын адамының тағддырына бей-жай қарау, эгоистік көзқараста болу, уақыттың жетіспеуі салдарынан қол ұшын бермеу, жәбірленушіні ұнатпау, қызғаныш, кек алу және т.б.

Алайда, мотив тек саралауға қатысты мәселелерді ғана қамтымайды, сонымен қатар, қылмыс құрамының мазмұнын анықтау мен заңды бағасын дұрыс беру сұрақтарын қамтиды.

Пайдакүнемдік ниетпен бала ауыстыруды жүзеге асырудың келесідей себептерін атап кетуге болады:

- өзінің материалды талаптарын қанағаттандыруға тырысу;
- өзінің азаматтық немесе шаруашылық міндеттемелерін орындамау;
- әлеуметтік әділеттілік мәнін түсінбеу және ол жағдайдың орнын толтыруға тырысу;
- кез келген жолмен баюды көздеу.

Тұлғаның қасақана бала ауыстыруды жүзеге асырған кезде өзінің қоғамға қауіпті іс-әрекеті мен одан туындайтын зардаптың мәнін түсінуі оның іс-әрекетінің интеллектуалдық белгісін құрайды. Бала ауыстыруды жүзеге асырған кезде тұлға өзінің іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын түсінбесе, онда оның іс-әрекетін саралау өзге жолмен жүзеге асырылады. Қасақана нысанда жасалған құқыққа қайшы іс-әрекеттің ерекше белгісі, нақты сипаты болады. Бала ауыстырудың субъектісі өзінің қоғамға қауіпті іс-әрекетінің өлімге, ауыр дене жарақатына, өзге де қоғамдық қауіпті салдарға әкеп соқтыратындығын сезінеді.

Бала ауыстырудағы қасақана кінә нысанын қарастырған кезде кейбір авторлар аталған қылмыстың интеллектуалдық және еріктілік сипатын көрсетеді. Осылайша, бала ауыстыру субъектісінің өзінің іс-әрекетінің мәнін түсініп, сезінуі интеллектуалды белгіні құрайды. Ал балаларды ауыстыру ниетінің болуы еріктілік белгісінің көрінісі болып табылады [24, 168 б.].

Баланың жағдайын, қылмыстық құқықбұзушылық орын алған орынды (жыл мезгілі, тәулік аралығы), ауыр салдардың орын алуын ескере отырып, бала ауыстыру абайсызда ма әлде қасақаналықпен жүзеге асырылғанын анықтауға болады.

Қылмыстық кодекс бала ауыстырудың екі мотивацияда жүзеге асырылуы мүмкін екендігін көрсетеді. Ол пайдакүнемдікпен жүзеге асырылуы мүмкін: яғни, нәрестелерді белгілі бір ақша сомасы үшін ауыстыру. Сонымен қатар, бала ауыстыру келесідей өзге де ұждансыз пиғылдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

- ауру баланың орнына дені сау бала алу мақсатында;

- кек алу (себептері сан-қырлы болуы мүмкін);
- экстремистік, ұлттық пиғылдарды жүзеге асыру;
- қызғаныштан;
- өзге де сезімдерден туындауы мүмкін.

Өзге де ұждансыз пиғылдар – бұл жалпы адами құндылықтамен сәйкес келмейтін ниет. Мәселен, баланың ата-анасынан кек алу мақсатында, баланың тінін, оның органдарын трансплантациялау мақсатында пайдалану және т.б. [25].

Ю.В. Ускова дұрыс атап өткендей, бала ауыстырудың субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады. Баланы ауыстыратын тұлға әдейі отбасына зиян келтіру мақсатында өзінің қасақана іс-әрекетін жүзеге асырады. Абайсызда жасалған бала ауыстыру қылмыс құрамын түзбейді. Алайда, осындай теріс қылықтардың қауіптілігін ескере отырып, дәл осы секілді медицина қызметкерлеріне әкімшілік жаза қолдану керек деп есептейміз [26, 80 б.].

«Әдетте, өзінің жасына орай өзін отбасымен идентификациялау қабілетінің болмауына сәйкес, балалар ауыстырылады. Қылмыс субъектісі өзінің іс-әрекетінің қажетсіз нәтижеге алып келгенін түсініп жатады. Мәселен, дені сау деп ауыстырған баланың кейін сырқатқа ұшырауы. Осындай жағдайлардың негізінде дер кезінде емделмеген баланың өлімі туындауы мүмкін» [26, 81 б.].

Сол себептен де Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 136 бабы келесідей саралаушы құрамды құрау қажет: «баланың денсаулығына орташа ауырлықтағы немесе ауыр зиян келтірген немесе баланың өліміне алып келген іс-әрекеттер» - деген. Қоғамға қауіпті, заңсыз іс-әрекетті жүзеге асырған қылмыстық құқықбұзушылық субъектісі қатаң жазалануы қажет.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 136-бабы тәжірибеде кездесетін және жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың барлық варианттарын толық қамтымайды. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әртүрлі жарияланымдарды бағалай келе, отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың тәжірибеде көп кездесетіндігін аңғаруға болады, алайда, олардың көбісі құқыққорғау органдарының назарынан тыс қалып жатады.

Тұлғаның қоғамға қауіпті іс-әрекет пен оның салдарына психикалық қатынасын дұрыс анықтау мәселелерін қарастыру тәжірибе тұрғысынан қарағанда аса маңызды болып табылады [27, 9 б.].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 136 - бабының субъективтік жағы пайдакүнемдік және өзге де ұждансыз пиғылмен жасалады. Материалды пайда табу мен материалды шығындардан құтылу үшін пайдакүнемдік ниетпен жасалады. Ал ұждансыз пиғылға кек алу, басқа жыныстағы балаға ауыстыру, баланың сырт бейнесі үшін ауыстыру жатады.

Бала ауыстыру қылмысы, әдетте, кінәнің тікелей қасақаналық нысанымен жасалатындығы, алайда, кей кездері негізгі әрекет, яғни, бала ауыстыру қасақана жасалса, ал кінәлінің туындайтын зардапқа (бала өліміне) психикалық қатынасы абайсыздық нысанынан тұратын қосарланған (аралас) кінә нысаны бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бала ауыстырудың субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде, бірінші кезекте кінәні жатқызамыз. Бұл сұраққа қатысты кейбір ғалым-заңгерлердің дифференттік ой-пікірлері қалыптасқан. Кейбір авторлардың пікірінше, бала ауыстыру кезіндегі кінә нысаны қасақаналықпен немесе абайсыздықпен жүзеге асырылуы мүмкін дейді. Алайда, Таганцев М.С. кінәнің аралас (қосарланған) нысанымен, яғни, абайсыздық немесе қасақаналықтың екі немесе одан да көп түрімен жасалатын қылмыстардың кездесетіндігін ескертеді. Сондықтан, тәжірибеде кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстардың орын алып жатқан кездері кездеседі [28, 490 б.].

Мәселен, М.И. Хавронюк өзінің еңбектерінде «аралас кінә» анықтамасын қосуды ұсынады. Ол дегеніміз қылмыс құрамында кінәнің абайсыздық және қасақаналық нысандарының қамтылуын айтады. Қылмыс субъектісінің жасалған іс-әрекет пен оның салдарына психикалық қатынасын анықтайтын қосарланған кінә нысанының бар екендігі туралы тұжырымның жақтаушылары да, қарсыластары да бар болып табылады.

Қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезіндегі кінә нысанына қатысты көзқарастарды қарастыра келе, С.А. Горбаченко қосарланған кінә нысанын сынға алады. А.И. Рарогтың өз еңбегінде бір қылмыстың ішінде қасақаналық пен абайсыздықтың болуы мүмкін емес, ол ресейлік заңнамаға қарсы келетіндігін, бұл жерде ешқандай да кінәнің үшінші нысаны болуы мүмкін емес екендігін айтады [30, 162 б.]. Қазақстанда абайсызда бала ауыстыру жағдайлары кездесіп жатады. Алайда қылмыстық заңнамада бұл жағдай қарастырылмаған. Біздің ойымызша, бұл қылмыстық құқықбұзушылық немесе медициналық оқиға абайсызда болса да жауаптылыққа тартылуы керек.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 21-бабының 1-бөлігінде менмендікпен немесе немқұрайлылықпен жасалған іс-әрекет абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылатындығы айтылған [31]. Абайсыздықтың көрсетілген түрлерінен интеллектуалдық және еріктілік белгілерін көруге болады.

Субъектінің қоғамдық-қауіпті салдарға деген қатынасы қылмыстық менмендіктің интеллектуалды белгісі болып табылады.

Менмендікте субъект онымен жасалған іс-әрекеттер қоғамдық-қауіпті салдарға алып келетіндігін болжай алады, алайда, ол зардаптар болмайтынына сенімділікпен қарайды. Еріктілік белгісінде субъект қоғамдық-қауіпті зардаптарды алдын алам деп жеңілтектікпен қарайды. Оларды алдын алам деп есептейді, алайда оның үміті ақталмайды. Бұл қателік бала ауыстырудың субъектісі жағдай мен өзінің мүмкіндіктерін асыра бағалап қойғандығынан болып тұр.

Қылмыстық-құқық доктринасында қылмыстық жауаптылық тұлғаның саналы-ерікті мінез-құлқымен байланысты екендігі туралы пікірлер көп таралған. Тек сондай мінез-құлқытар ғана құқық нормаларымен реттеледі [32, 36 б.]. Бала ауыстыру кезіндегі салдарға қатысты қылмыстық салақтықтың интеллектуалдық және еріктілік белгілерін талдау зерттеуіміздің келесі этапын құрайды. Тұлғаның өзімен жасалатын іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін сезінуі, алайда іс-әрекетінің нәтижесінде туындайтын салдарды болжамауы интеллектуалды белгіні құрайды. Егер тұлғаның іс-әрекетінде қылмыстық салақтықтың белгілері болса, онда субъектінің борышының барлығын және ауыр салдар мен өлімнің болуын болжай алу мүмкіндігінің болуын бекіту қажет.

Қажетті сақтық пен алдын алу болғанда салдарды тоқтата алу мүмкіндігінің болуы арқылы қылмыстық салақтықтың еріктілік белгісі анықталады.

Қорытынды. Жоғарыда көрсетілгендерді қорытындылай келгенде бала ауыстыру кінәнің қасақана (тікелей және жанама) және абайсызда (салақтық және менмендік) нысанымен жасалуы мүмкін екендігін атап кеткен жөн. Қасақаналықтың бағыты мен мәнін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау себептерін, оның ауырлық дәрежесін, аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін тағайындалатын жаза мөлшері мен түрлерін анықтау үшін мотив пен мақсатты айқындау аса маңызды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Конвенция ООН о правах ребенка. – Нью-Йорк: ООН, 1991. - 62 с.
- 2 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі [Электронды нұсқа] - URL: <http://adilet.zan.kz/>

kaz/docs/K1100000518 (Қолданған күні: 23.03.2019)

3 Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К». - 2016. - 752 с.

4 Medical doctors. Информационно-познавательный медицинский журнал [Электронный ресурс] - URL:<http://mdjournal.info/2017/09/21/> (Дата обращения: 02.03.2019)

5 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Ерекше бөлім: оқулық. Өңделген, толықтырылған 4 басылымы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2011. - 632 б.

6 Ашитов З.О. Уголовное право Республики Казахстан: учебное пособие / З.О. Ашитов. – Алматы: Жеті Жарғы, 2013 - 592 с.

7 Савельева В.С. Уголовная ответственность за преступления против несовершеннолетних: учеб. пособие. – Москва: Проспект, 2016. – 128 с.

8 Кудрявцев В.Н. О противоправности преступления // Правоведение. 1959. -№1. - 72 с.

9 Зубкова Е.А. Подмена ребенка // Международный журнал социальных и гуманитарных наук. – 2016. – Т. 6. №1. – С. 6-10.

10 Макаров А.В. Уголовная ответственность за нарушения прав несовершеннолетних: дисс. ... канд. юрид. наук 12.00.08. – Москва, 2001. – 178 с.

11 Сверчков В.В. Уголовное право. Общая и Особенная части: учебник для бакалавров. – Москва: изд-во Юрайт, 2014. - 589 с.

12 Шищенко Е.А., Палий О. Актуальные уголовно-правовые вопросы квалификации подмены ребенка [Электронды нұсқа] - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-ugolovno-pravovye-voprosy-kvalifikatsii-podmeny-rebenka> (Дата обращения 05.03.2019)

13 Курс русского уголовного права / Соч. А. Лохвицкого, д-ра прав. Санкт-Петербург : Журн. Москва юст., 1867. – 662 с.

14 Уголовное право Республики Казахстан: Особенная часть в 2-т.: учебник для вузов. / отв. Ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев, А.И. Коробеев. – Алматы: Жеті Жарғы, 2016.

15 Рогов И.И., Рахметов С.М. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. – 792 С.

16 Уголовное право РК (Особенная часть). / Под. ред. д.ю.н., проф. И.И. Рогова и к.ю.н., С.М. Рахметова – Алматы; ТОО «Баспа», 2001. - 536 с.

17 Младенчество. [Электронный ресурс] - URL: www.ru.m.wikipedia.org (Дата обращения: 10.11.2018)

18 Красиков А.Н. Уголовно-правовая охрана прав и свобод человека в России. - Саратов, 1996. - 201 с.

19 Харченко О.В. Виктимологические проблемы предупреждения преступлений против семьи и несовершеннолетних: по материалам Санкт-Петербурга: дис. канд.юрид.наук 12.00.08. – Москва, 2003.

20 Майтанов А. Экспертиза подтвердила что женщине в роддоме выдали чужого мертвого младенца [Электронный ресурс] - URL: <https://www.zakon.kz/160022-jekspertiza-podtverdila-chto-zhenshhine.html> (Дата обращения: 09.11.2018)

21 Пионтковский А.А. Курс советского уголовного права: в 6 т. / А.А. Пионтковский. – Москва: Наука, 1970. - 311 с.

22 Савченко А.В. Мотив и мотивация преступления: монография / А.В. Савченко. - Москва: Атилф, 2002. - 143 с.

23 Волков Б.С. Мотив и квалификация преступления / Б.С. Волков. – Казань: изд-во ун-та, 1968. - 166 с.

24 Советское уголовное право. Особенная часть / под. ред. Г.А. Кригера и

др. – Москва, 1982. – 465 с.

25 Подмена ребенка и незаконное усыновление. [Электронный ресурс] - URL: https://vuzlit.ru/1159419/podmena_rebenka (Дата обращения: 15.03.2019)

26 Ускова Ю.В. Уголовно-правовая охрана семьи: дисс. ... канд. юрид. наук 12.00.08. – Краснодар, 2001. – 216 с.

27 Хавронюк М.И. Преступления со сложной виной в уголовном кодексе Украины / М.И. Хавронюк // Хозяйство и право. - 2003. №3. - С. 9-17

28 Таганцев Н.С. Русское уголовное право: в 2 т. / Н.С. Таганцев. - Т.1. – Тула: Автограф, 2001. – 823 с.

29 Преступная неосторожность (уголовно-правовые и криминологические исследование) / отв. ред. И.П. Лановенко, Ф.А. Лопушанский. – Киев, 1992.

30 - 212 с.

31 Уголовное право Российской Федерации. Общая часть / отв. Ред. Б.В. Здравомыслов. – Москва, 1996. - 498 с.

31 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2019.01.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электронды нұсқа] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294 (Қар. мерзімі: 12.03.2019)

32 Дагель П.С. Неосторожность. Уголовно-правовые и криминологические проблемы / П.С. Дагель. – Москва: Юридическая литература, 1977. - 144 с.

Б.Т. Абулкаирова

Международный университет Кыргызстана, Бишкек, Кыргызстан

Квалификация подмены ребенка по субъективной стороне

Аннотация. В данной статье рассматриваются мотивы и основные цели, намерения и степень вины лиц, совершающих подмену ребенка. К этим лицам можно отнести медицинских работников, родителей ребенка и иных лиц.

Цель настоящей статьи - уделить особое внимание проблемам квалификации субъективной стороны данного уголовного правонарушения. Также в статье рассмотрены мнения некоторых авторов о смешанных формах уголовных правонарушениях. Правильная квалификация данного уголовного правонарушения приводит к раскрытию преступности в целом.

Методологическую основу образуют логико-правовой, сравнительный, структурно–системный, исторические и конкретно-социальные, статистические общенаучные методы.

Предлагаемая тема является одним из наименее изученных проблем в Казахстане и СНГ.

Практическая значимость работы состоит в том, что сформулированные в ней выводы могут быть учтены в процессе совершенствования уголовного законодательства в части определения субъективной стороны подмены ребенка. Также данная статья может быть использована в учебном процессе при чтении курсов по уголовному праву и криминологии.

Ключевые слова: младенец, ребенок, родители, состав преступления, замена, намерение, эмоции, побуждения.

Abulkairova B.T.

International University of Kyrgyzstan, Bishkek, Kyrgyzstan

Qualification of substitution of the child by the mens rea

Abstract: This article examines the motives and the main goals, intentions and degree of guilt of the persons committing to replace the child. These individuals include medical professionals, parents of

the child and others.

The purpose of this article is to pay special attention to the problems of qualifying the subjective side of this criminal offense. Also in this article were considered the opinions of some authors on criminal offenses that can be committed by a mixed form of guilt. Proper qualification of this criminal offense leads to the disclosure of crime in general.

The methodological basis is formed by logical-legal, comparative, structural – systemic, historical and concrete social, statistical general scientific methods.

The proposed topic is one of the least studied problems in Kazakhstan and the CIS.

The practical significance of the work lies in the fact that the conclusions formulated in it can be taken into account in the process of improving the criminal law in terms of determining the subjective side of replacing a child. Also, this article can be used in the educational process when reading courses in criminal law and criminology.

References

- 1 Konvencija Organizacija Obedinjonnyh Nacij o pravah rebenka [United Nations Convention on the Rights of the Child] (UN, New York, 1991, 62 p.)
- 2 Kazakstan Respublikasynyn 2011 zhylgy 26 zheltoksandagy Neke (erli-zajyptylyk) zhane otbasy turaly Kodeksi [The Law of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2011 «maternity) and the Family Code] [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (Accessed: 23.03.2019).
- 3 Kommentarij k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazahstan [Comment Institute for War and Peace Reporting] (LLP «Publishing House «Norma», Almaty, 2016, 752 p.)
- 4 Medical doctors. Informacionno-poznavatel'nyj medicinskij zhurnal [Medical doctors. Informational-informational medical journal] [Electronic resource]. Available at: <http://mdjournal.info/2017/09/21/> (Accessed: 02.03.2019).
- 5 Agybaev A.N. Kylmystyk kuckyk [Criminal Law]: Erekshe bolim: okulyk [Special section: Tutorial]. Ondelgen, tolyktyrylgan 4 basylymy [4 edited, supplemented editions] (Seven Charter, Almaty, 2011, 632 p.)
- 6 Ashitov Z.O. Ugolovnoe pravo Respubliki Kazahstan: uchebnoe posobie [Criminal law of the Republic of Kazakhstan: study guide] (Seven Charter , Almaty, 2013, 592 p.)
- 7 Savel'eva V.S. Ugolovnaja otvetstvennost' za prestuplenija protiv nesovershennoletnih: ucheb. Posobie [Criminal liability for crimes against minors: textbook. allowance] (Prospect, Moscow, 2016, 128 p.)
- 8 Kudrjavcev V.N. O protivopravnosti prestuplenija [About the wrongfulness of a crime] , Pravovedenie [Jurisprudence] 1, 72 (1959)
- 9 Zubkova E.A. Podmena rebenka [Child substitution], Mezhdunarodnyj zhurnal social'nyh i gumanitarnykh nauk [International Journal of Social and humanities] 6(1), 6-10(2016).
- 10 Makarov A.V. Ugolovnaja otvetstvennost' za narusheniya prav nesover-shennoletnih: diss. ... kand. jurid. nauk 12.00.08. [Criminal liability for violations of the rights of minors: diss. ... cand. legal Sciences 12.00.08]. Moscow, 2001. 178 p.
- 11 Sverchkov V.V. Ugolovnoe parvo [Criminal law]. Obshhaja i Osobennaja chasti: uchebnik dlja bakalavrov [General and Special parts: textbook for bachelors] (Yurait, Moscow, 2014, 589 p.)
- 12 Shishhenko E.A., Palij O. Aktual'nye ugolovno-pravovye voprosy kvalifikacii podmeny rebenka [Actual criminal law issues child substitution qualifications] [Electronic resource]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-ugolovno-pravovye-voprosy-kvalifikatsii-podmeny-rebenka> (Accessed: 05.03.2019).
- 13 Kurs russkogo ugolovnogo prava [Russian criminal law course], Soch. A. Lohvickogo, d-ra prav. [Op. A. Lokhvitsky, Dr. Rights.] (Journal. Moscow Just, St. Petersburg, 1867,662 p.)
- 14 Law of the Republic of Kazakhstan], Osobennaja chast' v 2-t.: uchebnik dlja vuzov [A special

part in 2 volumes: a textbook for universities] (Seven Charter, Almaty, 2016)

15 Rogov I.I., Rahmetov S.M. Ugolovnoe pravo Respubliki Kazahstan. Osobennaja chast' [The right to a fair trial. Realistic Part] (Seven Charter, Almaty, 2003, 792 p.)

16 Ugolovnoe pravo RK (Osobennaja chast') [Criminal Law of the Republic of Kazakhstan (Special Part)], Under. ed. Doctor of Law, prof. I.I. Rogova and Ph.D., S.M. Rakhmetova («Baspa» LLP, Almaty, 2001, 536 p.)

17 Mlachenstvo [Infancy] [Electronic resource]. Available at: www.ru.m.wikipedia.org (Accessed: 10.11.2018).

18 Krasikov A.N. Ugolovno-pravovaja ohrana prav i svobod cheloveka v Rossii [Criminal protection of human rights and freedoms in of Russia] (Saratov, 1996, 201 p.)

19 Harchenko O.V. Viktimologicheskie problemy preduprezhdenija prestuplenij protiv sem'i i nesovershennoletnih: po materialam Sankt-Peterburga: dis. kand.jurid.nauk 12.00.08. [Victimological Warning Issues crimes against family and minors: based on materials from St. Petersburg: dis. Candidate of Legal Sciences 12.00.08], Moscow, 2003.

20 Majtanov A. Jekspertiza podtverdila chto zhenshhine v roddome vydali chuzhogo mertvogo mladenca [The examination confirmed that the woman in the hospital was given alien dead baby] [Electronic resource]. Available at: <https://www.zakon.kz/160022-jekspertiza-podtverdila-chto-zhenshhine.html> (Accessed: 09.11.2018).

21 Piontkovskij A.A. Kurs sovetskogo ugolovnogogo prava: v 6 t. [The course of Soviet criminal law: in 6 tons.] (The science, Moscow, 1970, 311 p.)

22 Savchenko A.V. Motiv i motivacija prestuplenija: monografija [The motive and motivation of the crime: a monograph] (Atilf, Moscow, 2002, 143 p.)

23 Volkov B.S. Motiv i kvalifikacija prestuplenija [Motive and qualification of a crime] (Kazan: publishing house of the University, 1968, 166 p.)

24 Sovetskoe ugolovnoe parvo [Soviet criminal law]. Osobennaja chast' [Special part] / under. Ed .. G.A. Krieger and dr. (Moscow, 1982, 465 p.)

25 Podmena rebenka i nezakonnoe usynovlenie [Child substitution and unlawful adoption]. [Electronic resource]. Available at: https://vuzlit.ru/1159419/podmena_rebenka (Accessed: 15.03.2019).

26 Uskova Ju.V. Ugolovno-pravovaja ohrana sem'i: diss. ... kand. jurid. nauk 12.00.08 [Criminal legal protection of the family: diss. ... cand. legal Sciences 12.00.08.], Krasnodar, 2001. 216 p.

27 Havronjuk M.I. Prestuplenija so slozhnoj vinoy v ugolovnom kodekse Ukrainy [Crimes with complex guilt in the criminal code of Ukraine], Hozjajstvo i parvo [Household and law]. 3, 9-17(2003).

28 Tagancev N.S. Russkoe ugolovnoe pravo: v 2 t [Russian criminal law: in 2 tons] (Autograph, Tula, 2001, 823 p.)

29 Lanovenko I.P., Lopushanskij. F.A. Prestupnaja neostorozhnost' (ugolovno-pravovye i kriminologicheskie issledovanie) [Criminal negligence (criminal law and criminological research) / ed. ed. I.P. Lanovenko, F.A. Lopushansky] (Kiev, 1992, 212 p.)

30 Zdravomyslov B.V. Ugolovnoe pravo Rossijskoj Federacii. Obshhaja chast' [The criminal law of the Russian Federation. a common part] (Moscow, 1996, 498 p.)

31 Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhylygy 3 shildedegi № 226-V Kylmystyk kodeksi (2019.01.04. berilgen ozgerister men tolyktyrularmen). [Electronic resource]. Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294 (Accessed: 12.03.2019).

32 Dageľ P.S. Neostorozhnost'. Ugolovno-pravovye i kriminologicheskie problemy [Criminal law and criminological problems] (Legal literature, Moscow, 1977, 144 p.)

Автор туралы мәлімет:

Абулкайрова Б.Т. – Халықаралық Қырғызстан Университетінің «Құқықтану» мамандығының 3 курс PhD докторанты, Толстой көш. 17А/1, Бішкек, Қырғызстан.

Abulkairova B.T. - PhD doctoral student of doctoral student of the 3rd year of study of the specialty «Jurisprudence» of the International University of Kyrgyzstan, 17A/1, Tolstoy Street, Bishkek, *Kyrgyzstan*.

МРНТИ 10.77.01

С.М. Баймолдина

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
(E-mail: baimoldinasveta@yandex.ru)*

Коррупция как негативное социальное явление

Аннотация. В данной статье автор раскрывает вопросы, связанные с негативными социальными последствиями, возникшими в процессе коррупционных действий государственными служащими в Республике Казахстан. Автор раскрывает такие понятия как: коррупция в соответствие с международными документами, субъекты коррупционных преступлений, формы и виды проявления коррупции в современном обществе, правовые механизмы борьбы с коррупционными явлениями в Казахстане. В статье обоснованно аргументируется введение уголовной ответственности юридических лиц за коррупционные правонарушения и преступления. Среди прочих, в качестве профилактики коррупционных правонарушений и преступлений в Республике Казахстан автор предлагает повысить правовую культуру государственных служащих, воспитание у молодого поколения непримиримости к коррупции. В рамках правовых мер автор предлагает проведение обязательной антикоррупционной экспертизы нормативно-правовых актов, законов и подзаконных актов.

Ключевые слова: коррупция, правонарушение, предупреждение преступлений, получение взятки, дача взятки, посредничество во взяточничестве, наказания.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2019-128-3-76-84>

Практическая значимость статьи состоит в возможности использования выводов и предложений для совершенствования уголовного законодательства. Результаты исследования могут быть использованы при подготовке руководящих разъяснений Пленума Верховного Суда Республики Казахстан для совершенствования деятельности правоприменительных органов при применении конкурирующих норм, установлении обстоятельств, отягчающих и смягчающих уголовную ответственность и наказание.

Методологическую основу статьи составляют общенаучные и специальные методы познания такие, как системный, логико-юридический, исторический и конкретно-социологический.

Ключевые слова: уголовная ответственность, наказание, конкуренция норм, обстоятельства, отягчающие уголовную ответственность и наказание, обстоятельства, смягчающие уголовную ответственность и наказание, назначение наказания.

T.T. Bapanova

International University of Kyrgyzstan, Bishkek, Kyrgyzstan

Issues of competition rules on aggravating and mitigating circumstances of criminal liability and punishment

Abstract: The article devoted to the competition of norms during the application of aggravating and mitigating circumstances of criminal liability and punishment specified in the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan when sentencing is imposed.

The purpose of the article is to analyze the aggravating and mitigating circumstances, provided for in Articles 53 and 54 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, the assignment of criminal liability and punishment in the competition of norms.

The practical significance of the article lies in the possibility of using conclusions and proposals for the improvement of criminal law. The results of the study can be used in the preparation of guidance explanations of the Plenum of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, to improve the work of law enforcement agencies in the application of competing rules, establishing the circumstances, aggravating and mitigating criminal liability and punishment.

The methodological basis of the article consists of general scientific and special methods of cognition, such as system, logic-juridical, historical, and specifically sociological.

Keywords: criminal liability, punishment, competition of norms, circumstances aggravating criminal responsibility and punishment, circumstances mitigating criminal liability and punishment, imposition of punishment.

References

- 1 Sostav prestupleniya po sovetskomu ugovnomu pravu / Trajnin A.N. - М.: Gosyurizdat, 1951. - 388 s. [The composition of the crime under the Soviet criminal law/ Trajnin A.N. –

- Moscow: Gosyurizdat, 1951, 388 p.] [in Russian]
- 2 Postanovlenie Plenuma Verhovnogo Suda SSSR ot 29.06.1979 N 3 «O praktike primeneniya sudami obshchih nachal naznacheniya nakazaniya» [Resolution of the Plenum of the Supreme Court of the USSR of 06.29.1979 № 3 «On the practice of the use by courts of general principles of sentencing»] Available at: <http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=6894#005678843681484147> (accessed: 18.04.2019) [in Russian]
- 3 SHlykov S. Mihlin A.S. Posledstviya prestupleniya. [Consequences of a crime]. (YUrid. lit., Moscow, 1969, 103 p.) [in Russian]
- 4 Smyagchayushchie otvetstvennost' obstoyatel'stva i ih znachenie v individualizacii nakazaniya / CHEchel' G.I.; Nauch. red.: Noj I.S. - Saratov: Izd-vo Sarat. un-ta, 1978. - 166 c. [Mitigating circumstances and their significance in the individualization of punishment / Chechel G.I.; Scientific Ed.: Noy I.S. [in Russian]
- 5 Obshchie nachala naznacheniya nakazaniya i ih primeneniye k nesovershennoletnim / Skryabin M.A.; Nauch. red.: Malkov V.P. - Kazan': Izd-vo Kazan. un-ta, 1988. - 125 c. [The general beginning of the appointment of punishment and their application to minors / Scriabin M.A.; Scientific Ed.: V.P. Malkov - Kazan: Publishing House of Kazan University, 1988. - 125 p.] [in Russian]
- 6 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі «Сот үкімі туралы» № 4 нормативтік қаулысы. [Regulatory Resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated April 20, 2018 № 4 «On the judicial sentence»] // Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000004S> (accessed: 18.04.2019) [in Kazakh]
- 7 Otvetstvennost' za telesnye povrezhdeniya po sovetскому уголовному праву / Dubovec P.A. - M.: YUrid. lit., 1964. - 160 c. [Responsibility for bodily harm under Soviet criminal law / P. Dubovets. - Moscow: Legal. lit., 1964. - 160 p.]; Smyagchayushchie i otyagchayushchie otvetstvennost' obstoyatel'stva v уголовном праве. Voprosy teorii / Kruglikov L.L.; Nauch. red.: Motovilovker YA.O. - Voronezh: Izd-vo Voronezh. un-ta, 1985. - 164 c. [Mitigating and aggravating circumstances in criminal law. Questions of theory / Kruglikov L.L.; Scientific Ed.: Motovilovker Ya.O. - Voronezh: Publishing house of the Voronezh University, 1985. - 164 p.] [in Russian]
- 8 Usloviya i predely neobhodimoy oborony / Tishkevich I.S. - M.: YUrid. lit., 1969. - 191 c. [Conditions and limits of necessary defense / Tishkevich I.S. - M.: Legal. lit., 1969. - 191 p.]; Uголовно-правовая охрана личности. Nauchno-prakticheskij kommentarij dejstvuyushchego уголовного законodatel'stva USSR / Bazhanov M.I., Stashis V.V. - Har'kov: Vishcha shk. Izd-vo pri Har'k. un-te, 1976. - 220 c. [Criminal legal protection of the person. Scientific and practical commentary of the current criminal legislation of the Ukrainian SSR / Bazhanov M.I., Stashis V.V. - Kharkiv: High schools Publishing house at Kharkov University, 1976. - 220 p.] [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Баянова Т.Т. - Халықаралық Қырғызстан Университетінің «Құқықтану» мамандығының 3 курс PhD докторанты, Толстой көш. 17А/1, Бішкек, Қырғызстан.

Bayanova T.T. - PhD doctoral student of doctoral student of the 3rd year of study of the specialty «Jurisprudence» of the International University of Kyrgyzstan, 17A/1, Tolstoy Street, Bishkek, Kyrgyzstan.

ХФТАР 10.77.11

Р.А. Орсаева, А.С. Сулейменов

*С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті,
Өскемен, Қазақстан*

(E-mail: r_orsaeva_60@mail.ru, suleimenov.98@list.ru)

**Педофилия: алдын алу және жазалау мәселелері
(жас балаларға қарсы жасалатын зорлық-зомбылықтарды
қылмыстық-құқықтық саралау)**

Аңдатпа. Мақалада соңғы жылдары көбейіп, жиі орын алып отырған жас балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттері қозғалады. Жасөспірімдерге қарсы жасалатын зорлық-зомбылық – құқық бұзушылықтардың ішіндегі ең ауыры екені белгілі. Жасөспірімдерге қатысты жасалатын әрбір жат әрекет олардың болашағына орасан зор зардап келтіретіні айтпаса да түсінікті.

Зорлық-зомбылық жас балалардың психологиялық «күлдырауына» алып келуімен қатар моральдық жағынан да күйзелуіне әкеп соқтырады. Жандарына өшпес «жара» салу арқылы жасөспірімдердің қалыпты өсіп-жетілуіне кедергі келтіріп, болашағына белгілі бір деңгейде «тосқауыл» қояды. Мұндай қоғамға жат қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмау үшін не істеу керек? Алдын алу үшін не істей аламыз? Міне, осындай сұрақтар бала тағдыры бей-жай қалдырмайтын кімді болса да, мазалары анық.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатаң қылмыстық жауаптылық қарастырса да, заң нормаларын «бұзып», жас балаларға сексуалдық зорлық көрсететін фактілердің соңғы жылдары көбейгені ешкімге жасырын емес. Бұл – қоғам болып күресіп келе жатқан, күресе беретін індет.

Мақала авторлары педофилияны адамның ішкі ауытқушылығы ретінде көрсете отырып, оны қылмыстық-құқықтық деңгейде ашылып көрсетуді ниет еткен.

Соңғы жылдары көбейіп кеткен бұл ауытқушылық «ауруының» көп тіркелетін жерлері мен басты себептері де мақалада қарастырылып, оның алдын-алу жақтары да сараланған.

Авторлар мақалада Қылмыстық кодексіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының статистикалық көрсеткішін басшылыққа ала отырып, өз ойларын саралай отырып, оны белгілі ғалымдардың пікірімен ұштастырған.

Мақала авторлары педофилияның алдын-алуға байланысты мақалада нақты ұсыныстар да берілген.

Түйін сөздер: жас балалар, қылмыстық құқық бұзушылық, ауытқушылық, педофилия, қылмыстық жауаптылық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2019-128-3-92-104>

Кіріспе. «Жастар – біздің болашағымыз» деп елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, бүгінгі бала, ертеңгі жастарсыз елдің болашағы бұлыңғыр болары сөзсіз. Сондықтан, санасы тұнық, ойы ұшқыр, өз көзқарасы мен өз сөзін дәлелдей алатын құқықтық біліммен қаруланған жастардың болуы – болашақ кепілі болмақ.

Кейінгі жылдары кәмелетке толмағандарға, жас балаларға қарсы жасалатын зорлық-зомбылықтардың көбейгені соншалық, біз емес, статистика «сөйлейтін» деңгейге жеттік. Ащы болса да, өмір шындығына айналған педофилия проблемасы Қазақстан республикасының күн тәртібінен түспейтін, кезек күттірмес проблемаға айналды десек, қателеспейміз.

Педофилия – ғасыр індеті. Ғасыр індетін бір күнде түп тамырымен жойып жіберу мүмкін емес екені айтпаса да түсінікті. Десек те, педофилияның алдын-алса, тиімділігі болар деген ойдамыз. Сондықтан, біз бұл мақалада жас балаларға зорлық-зомбылық көрсеткен ересек адамдардың қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерін аша отырып, оның

себептеріне тоқталып, қылмыстық-құқықтық, психологиялық жағынан қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам әрекетін саралауды жөн санадық. Бұл – жалпы мақсат болса, басты мақсат педофилияның алдын алу шараларының тиімділігі мен қылмыстық жазалау мәселелеріне тоқталу.

Адамның ішкі ауытқушылығының салдарынан туындаған «атойлаған» ой сыртқа қылмыстық құқық бұзушылық болып шықса, ол – ауру. Сондықтан, педофилияны жазылмайтын ауру ретінде қарап, педофилдік әрекетке барған адамдарды үнемі қоғамдағы адамдардың көз алдында ұстау керек.

Бұл жерде біздің айтпағымыз, Европалық мемлекеттерде көп қолданылатын әдісті қолдану керек. Европалық тәжірибеге сүйенсек, педофил жазасын өтеп келгеннен кейін әрбір үйге кіріп, өзінің педофил екенін, қанша жыл түрмеде отырғанын айтып, өзі туралы жалпы мағлұмат береді. Бұл – педофилге берілген екінші жаза екені сөзсіз. Біздің ойымыз, осындай әдістерді болашақта біздің елде де пайдалансақ, алдын-алу жағынан өз тиімділігін береді деген идея.

Тарихтың қай кезеңіне көз тоқтатып бала тағдыры жайлы сөз қозғалса, аталы қауым одан «аттап» өтпегенін айта кесек, артық болмаған болар еді.

Қазақстан республикасының конституциясы бойынша, «басты байлық-денсаулық». Денсаулыққа моралдық жағынан жан мен тән ауруын келтірген кез келген қылмыстық әрекет заң нормаларымен қудаланады. Сондықтан, біз қарастырып отырған жас балаларға зорлық жасаған ересек адамдардың қылмыстық әрекеті заң нормаларының шегінен шығуымен ерекшеленіп, өзекті проблема деуге болады. Өзекті дегенде - ондай адам «кейпіндегі» адамдардың іс-әрекетін тойтару, құқық қорғау органдарының қызметін жандандыру, тек жас балалар зорлық-зомбылық көрсеткен педофилдер үшін ғана белгісіз мерзімге шегерілген өлім жазасына мораторийді шегеріп, қайта қолдану шараларымен өзекті.

Азғындықтың шегінен шыққан педофилдерге қатысты елбасы Н.Ә. Назарбаев «ҚР баланың құқықтарын қорғау туралы бірқатар заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар» (21.04.2016) енгізіп, «педофилдерді химиялық піштіру» жөнінде заңға қол қойды. Сондықтан, балаларды қорғауға қатысты өзгерістерді тілге тиек етіп, біз тақырыптың өзектілігін ашып көрсетеміз.

Тақырыптың өзектілігі - педофилия сияқты аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу, ескерту, жазалау сияқты шараларда десек, артық айтқандық болмас.

Кез келген ғылыми мақала талдауы мен саралауы, пікірі мен тұжырымы жағынан бір-біріне ұқсамайтыны белгілі. Әр автордың айтар ойы, ойдан туындаған пікірі мен көзқарасы да бір жерден шықпасы анық. Сондықтан, біз бұл зерттеуде үлкен бір жаңалық ашпасақ та, сол жаңалықтың жаршысы болып табылатын өз көзқарасымыздан туындаған өз ойымызды, ұсыныстарымызды жеткізбекшіміз.

Негізгі талдау бөлімі. Қазақстан Конституциясының 27-ші бабы «неке мен отбасы, ана, әке мен балалық шақтың мемлекет қорғауында екендігін» атап көрсеткен. Қорғаудың нақты құралы – отбасы мен кәмелетке жасы толмағандарды қылмыстық-құқықтық тұрғыда қорғау болып табылады [1]. Қылмыстық-құқықтық қорғау кез келген кәмелетке жасы толмағандарды қорғаудың бірден-бір дұрыс жолы. Себебі, қазіргі кезде кәмелетке жасы толмағандарға қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар немесе оларды қылмыстық әрекетке тартатындар тәжірибе көрсеткендей, ересек адамдар болып келеді. Сондықтан, қылмыстық құқықтық қорғау - кәмелетке толмағандарды өз «қамқорлығына» алып, оны «қылмыс құралы» немесе «зорлық-зомбылық құрбаны» ретінде пайдаланған ересектерге қолданылатын қылмыстық жаза қорғаудың жоғарғы сатысы іспетті.

Қылмыстық кодексінің 2-ші тарауы «Отбасына және кәмелетке жасы толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» [2] деп аталып, бұл тарау кәмелетке жасы толмағандарға қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды қамтыған.

Педофилия - көне грекше: παις - «сәби» + көне грекше: φιλία - «махаббат» деген мағынаны білдіреді.

Педофилия - адамның психикалық бұзылуы. Осы психикалық ауруға шалдыққан адамдарды педофил деп атайды.

Психологиялық тұрғыдан педофил егде немесе жас, білімді не білімсіз, бай немесе кедей болуы мүмкін. Бұл жерде егде немесе жас, білімді не білімсіз, бай немесе орташа тұратын адамның бәрі сондай деген жаңсақ, бір жақты пікір қалыптаспаса керек. Біздің ай-тпағымыз, педофилдікке барған адамдардың қоғамда алатын орны, тұрмыс-тіршілігі емес, оның жалпы мінез-құлқындағы ерекше орын алатын «ауытқушылық жайттар» мен оның жат әрекетке барғаннан кейінгі мәлім болатын жеке өміріне қатысты мәліметтер ғана.

Психологиялық жағынан қарасақ, педофилияға барған адамдардың басым көпшілігі ересектерге емес, көбінесе, жас балаларға қызығушылық танытады. Яғни олар балаларға қатысты әңгіме айтқанды «ұнатады», жасөспірімдерді суреттей отырып, оларға қатысты «жазықсыз», «таза», «періште» сияқты (т.б.) сөздерді қолдануы да мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз.

Педофилдердің психологиялық ерекшелігі - олардың басты хоббиі. Ол ерекшелік - баланы қызықтыра білу ерекшелігі.

Хобби ретінде педофилдің қымбат не сирек кездесетін ойыншықтарды жинауы, экзотикалық жануарларды ұстауы немесе ұшақ, автомобиль үлгілерін жинауы (т.б.) - бұл бала назарын аударуға деген ерекшелігі. Бұл өз кезегінде арам пиғылды жүзеге асыруды ойлаған педофилдің балаларды тез арада өз «қармағына түсіруіне» кей кездері ықпал етіп, негіз болары сөзсіз.

Біз педофилияны адамның психикалық бұзылуы деп қарасақ та, оның адамның аузы бармайтын істеген әрекетінен кейін «психологиялық бұзылу» емес, керісінше, «психологиялық тәуелділік» деп те айтуымызға болады. Себебі, педофилдердің басым көпшілігі жазасын өтеп келгеннен кейін де, сол бұрынғы «әдетін» жалғастыратынын дәлелдеген. Сондықтан, бұл түзелудің тура да таза жолын таңдамай, бұрынғы ісіне деген «тәуелділікті» көрсетсе керек.

Қылмыстық кодексінде педофилге нақты анықтама жоқ. Дегенмен де, осындай қылмыстық құқық бұзушылық орын алса, ол әрекет Қылмыстық кодексінің 121 бабымен («Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері») сараланады.

Қылмыстық кодексінің 121-бабы бойынша «Күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы немесе жәбірленушіге немесе басқа адамдарға жасалған сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын» (1-тармақ) көрсетсе, 2-тармағы ауырлататын мән-жайларды қарастырған. Ауырлататын мән-жайлар ретінде:

- 1) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 2) өлтіру қатерін төндірумен ұласқан, сондай-ақ жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты аса қатыгездікпен жасалған;
- 3) жәбірленушінің сөз ауруын жұқтырып алуына әкеп соққан;
- 4) бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекеттер үшін бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын айқындап берген.

Қылмыстық кодекстің 121 бабы жалпы «...күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы немесе жәбірленушіге немесе басқа адамдарға жасалған сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер...» қарастыра отырып, «үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» деп көрсеткен.

Біздің пікірімізше, «үш жылдан бес жылға дейінгі мерзім...» мөлшері жағынан аз. Олай деуімізге басты себеп, көптеген тәжірибе көрсетіп отырғандай, аз жаза «арқалаған» қылмыскерлер жазасын өтеп шыққаннан кейін де, көбінесе бұрын өзі жазасын өтеп шыққан сексуалдық сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты қайталап істейді екен.

Әрине, Қылмыстық кодекстің 121-бабының 2-ші, 3-ші тармақтарында ауырлатанын мән-жайлар үшін санкциямен ауыр жаза қарастырылғаны белгілі. Десек те, 1-тармақ бойынша да жазаның мөлшерін болашақта заң шығарушы органдар қарастырып, қылмыстық жауаптылыққа тартылу мерзімін көбейтіп жатса, ол қылмыстық құқық бұзушылықтың көбеюіне азда болса, «тосқауыл» қояды деген ойдан туған пікір ғана. Бұл – субъективті көзқарас қана.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қылмыстық кодексінде педофилияны қарастырып, нақты жаза тағайындайтын норма жоқ. Қылмыстық жауаптылыққа жататын адамдарды айқындаған Қылмыстық кодекстің 15-бабы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады десе, 2-тармақ жазаны ауырлататын мән-жайларды талдап берген. Яғни менің тақырыбыма арқау болып отырған педофилия орын ала қалған жағдайда сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері үшін Қылмыстық кодекстің 121-бабымен қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қылмыстық заңдылық бойынша, педофилия аса ауыр қылмыс болып саналатындықтан, педофилдік әрекетпен сотталғандарға:

- Қылмыстық кодекстің 73-бабы (жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту) мен

-96-бабы (медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату) қолданылмайды.

Яғни педофил соттың үкімімен он бес жылға сотталса, сол мерзімді толық өтеп шығады, 73-бапта көрсетілген жеңілдетілген жаза оған қолданылмайды, сондай-ақ, педофилге 96-баптағы медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату да қолданылмайды, Яғни педофил соттың үкімімен түрмеге жіберілсе, мерзімі біткенше сол жерде жазасын өтейді немесе соттың шешімімен емдеу мекемесіне жіберілетін болса, өтеу мерзімі аяқталғанша, сол емдеу мекемесінде емделеді, оған 96-баптағы мекеменің түрі өзгертілмейді.

Қазақстан Республикасында осындай педофилия ауруына шалдыққан адамдар бұрын болды ма? Болса, неге ол кезде көп көрінбеді? Қазіргі кезде жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай олардың көбеюіне не себеп? Сұрақ та көп, оған берер жауап та көп.

Қарап отырсақ, педофилдік азғындыққа барған адамдардың басым көпшілігі орта жастан асқан адамдарды қамтиды екен.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, педофилдік қылмысқа барғандардың жас шамасы 25-55 жас аралығында екен. Егер пайыздық көрсеткішке жүгінер болсақ, педофилдер арасында 25-30 жастағылар - 20%; 35-44 жастағылар -30%; 45-55 жастағылар -25% -ды құраған.

Зерттеулер педофилдердің басым көпшілігінің отбасы, балалары бар екенін көрсеткен және де педофилдік әрекетті істеген кезде олардың басым көпшілігінің баласы немесе немересі өзінің «зорлығының құрбаны» болған кішкене бүлдіршінмен жасты болғанын көрсеткен.

Қазіргі кезде Қазақстан Бас Прокуратурасының мәліметі (2015-2016) бойынша, Алматыда - 21; Астанада - 7; Қарағандыда - 35; Атырауда - 6; Алматы обылысында - 31 педофил тіркеліп, есепте тұр. Бұл педофилдердің барлығы жазасын өтеп келгендер. Жазасын өтесе де, олар қоғамға қауіпті, әсіресе, жасөспірімдерге зиянын тигізетін аса қауіпті қылмыскерлер болып саналады.

Бас Прокуратураның дерек көздеріне сүйенсек, соттың үкімімен жазасын түрмеде өтеп жатқандар педофилдер саны 2017 жылғы көрсеткіш бойынша, 156 адамды көрсетіп отыр. Бұл – қазіргі заман індеті, ғасыр індеті.

Сәл кейін шегініп, Ішкі Істер Министрлігінің мәліметіне жүгінсек, 2008 жылы - 80 рет жас балаларға қатысты педофилдік қылмыс пен зорлау орын алса, дәл сондай әрекеттер: 2009 жылы -120; 2010 жылы -160; 2011 жылы -200; 2012 жылы -240; 2013 жылы -315; 2014 жылы - 348; 2015 жылы - 412; 2016 жылы- 500 рет орын алып, үстіміздегі 2017 жылдың 3 айында ғана дәл сондай педофилдік әрекет пен жас балаларды зорлау қылмыстық құқық бұзушылығы - 52 рет тіркелген.

Жалпы педофилдер қайдан шығады? Педофил болып адам тумайтыны белгілі. Десек те, олардың «пайда» болуына қандай алғы шарттар әсер етеді? Басты себеп не?

Педофилдікке барудың басты себептері ретінде:

- жас балаға деген қызығушылығы бірінші орында тұратын ересек адамдар;
- жас бала кезінде психологиялық жарақат алғандар (яғни педофилге бала кезінде дәл осындай зорлық істелген);
- ішкі комплексінің құрбаны болғандар (педофилді комплексті адам ретінде алса, олар өзін ересектерден гөрі балалар арасында ғана ересек сезінеді екен);
- Бас жарақатын алғандар;
- жүйке ауруына ұшырағандар;
- өмірден түңіліп, бар өшін өзгенің баласынан алуға құмартқандар;
- бұрын сотталып, түрмеде зәбір көргендер;
- қан арқылы ұрпағына берілген дерт те болуы мүмкін [7] .

Зорлық жалпы құқық бойынша, бір адамның екінші бір адамға оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы ретінде қарастырылады.

Зорлық тән азабын шектірген зорлық және жан азабын шектірген зорлық болып бөлінетінін ескерсек, онда олардың мағнасын ашып көрсету қажеттігі туындайтыны сөзсіз.

Тән азабын шектірген зорлық ретінде адамның ағзасына тікелей әсер ету танылады. Тән азабын шектірген зорлыққа ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, түрлі тәсілдермен азаптау-қинау (т.б.) сияқты тән азабына келтірілген зорлықтар қарастырылады.

Тәжірибе дәлелдеп бергендей, тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Зорлықтың екінші түрі – жан азабын шектірген зорлық саналады.

Жан азабын шектірген зорлық ретінде жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік-жігерін жасыту үшін қорқыту, өлтіремін деп қоқан-лоққы жасау жолымен адамның психикасына әсер етуді жатқызуға болады.

Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе, тіпті, жан ауруына ұшыратуы мүмкін. Зорлық мән-жайға (қылмыс айрықша қатыгездікпен немесе жәбірленушіні қорлап азаптаумен жасалғанда), қылмыстың жасалу тәсіліне (мысалы, кісі өлтіру, әуе кемесін айдап әкету) не қылмыс құрамын айқындаушы белгіге (мысалы, зорлау кезінде) қарай жауаптылықты ауырлатуы мүмкін. Зорлықпен жасалған қылмыстар қоғамдық қауіпті сипатта болады. Аса қатыгездікпен, қорлаумен, жәбірленушіні қинап, азаптаумен, зорлаумен жасалған қылмыстар, сондай-ақ, адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданып жасалған қылмыстар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады .

Белгілі психолог-ғалымдар (С. Балаубаев, Е. Суфиев, Ш. Әлжанов, А. Темірбеков, М. Мұқанов, Қ. Жарықбаев) пікіріне сүйенсек, «психологиялық зорлық-зомбылық адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психика-

лық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту» екен.

Бұл жерде психологтардың пікіріне құлақ аспасқа болмайды, себебі, жалпы адам психологиясына зорлық-зомбылықтың қаншалықты әсер ететіні айтпаса да түсінікті сияқты. Ал, бала психикасына зорлық-зомбылықтың тигізетін әсері, өмір бойы баланың жадында сақталып қалатын таңба іспетті психологиялық «жара», психологиялық жағынан «құлдырау», психикалық ауытқу-оның қалыпты жетілуіне «тосқауыл» қойған психологиялық «қақпа» деуге болады.

Олай дейтініміз, баланың ересектен көрген зорлық-зомбылығының нәтижесінде оның қайта күлуі, қайта қатарластарымен бірге ойнауы, қайта қалыпты ортаға оралуы қиындап, белгілі бір қиындық туғызары сөзсіз. Сондықтан, бала психологиясы үшін басты мәселе - баланың психикалық дамуының факторларын, психикалық даму шарттарын түсіндіру болса, заңи тұрғыда ересектерден сексуалды зорлық көріп, жаны жараланған баланы кінәлі адамды жазалау арқылы баланы басынан өткен «жайттарды» ұмыттыруға үйрету. Айтпағымыз, психология мен заң бірлесе отырып, баланы бастапқы қалпына келтіру, қалыпты өмір сүруге қайта үйрету.

Шетелдік М.Н. Ноймайер, Э.С. Ноймайер өз еңбектерінде жасөспірімдерге қарсы жасалатын зорлық-зомбылықтың алдын-алудың орнына керісінше, зорлық-зомбылықтың себепкері мен субъектісі болатын ересектер әрекеті барлық «шекарадан» асқан қастандық [14] болса, жасөспірімдерге қарсы қылмыс «алғашқы қауымды құрлыста да қатаң жазаланып, кешірілмеген» [15].

Жалпы ересектер тарапынан орын алған зорлық-зомбылық әрекеттері аз деп айта алмаймыз. Оған дәлел ретінде Батыс Қазақстан облысы прокуратурасының мәліметін келтіруге болады.

Батыс Қазақстан облысы прокуратурасының статистикалық мәліметіне (16 маусым 2016) сүйенсек, мәліметтерге сәйкес, соңғы бес жыл ішінде өңірде жыныстық қолсұғушылық бойынша қылмыс атаулысы төрт есеге өскен (мәселен, 2010 жылы-12, 2014 жылы-52, 2015 жылы-75). 2016 жылы 51 қылмыс тіркелген. Бұл өсім ҚР Қылмыстық кодексінің 122-бабымен (16 жасқа толмаған жанмен жыныстық қатынас жасау) қарастырылған қылмыстың тіркелуінің жоғарылауымен байланысты, осы санат бойынша қылмыс 2016 жылы 51 болса, 2017 жылы 31-ді құраған.

Тағы да Батыс Қазақстан облысы прокуратурасының жүргізген талдау жұмыстары бойынша оның себеп-салдары анықталған. Себеп-салдар ретінде:

- отбасы институтының әлсіреуі;
- қоғамның рухани-адамгершілік деңгейінің төмендеуі;
- денсаулық сақтау, білім, ішкі істер, органдарының өзара байланысының жөнді ұйымдастырылмағаны;
- мақсатты алдын алу жұмыстарының талапқа сай болмауы;
- порнография ;
- зорлық-зомбылықты насихаттайтын интернет-сайттардың кері әсері,
- зардап шегушілердің виктимді (қылмысқа итермелейтін) жүріс-тұрысы;
- ішімдік ішу (зорлау бағытындағы әрбір екінші қылмыс ішімдікпен байланысты).

Батыс Қазақстан облыстық прокуратураның аға прокуроры Айманов Жанболаттың пікірінше, «...жасы кіші балалардың қылмыскерлердің құрбаны болуы алаңдатпай қоймайды. Ал зорлау деректері орын алатын жер мен тәсілдері өзгерген жоқ, яғни отбасында, көшеде, таныстардың зорлауы. Ішкі істер органдарындағы ресми статистика нақты жағдайды толық ашпайды. Аталмыш санаттағы қылмыстың беймәлімділігінің көптігі де басты мәселенің бірі болып табылады. Егер мұндай қылмыстар өз құқығын қорғай алмайтын балаларға қатысты ата-ана, қамқоршылар арқылы жасалса, оның көпшілігін анықтау мүмкін

емес. Бұл қылмыстар негізінен кездейсоқ жағдайда анықталады. Мәселен, өткен жылы Зеленов ауданында Б. деген азамат өзінің 6 жасар баласына қатысты ай бойы өзінің жымысқы ойын жүзеге асырған. Озбырлығымен ерекшеленген Б. ішімдікке бойалдырып, отбасында шу шығаруға бейім болған. Аталмыш қылмыс та кездейсоқ ашылды, яғни баланың анасы ұлының бойындағы өзгерісті байқаған. Қылмыс анықталғаннан соң Б. сегіз жылға бас бостандығынан айырылды. Міне, осы мысалдан байқалғандай, бұл өте күрделі мәселе сырт көзге білінбейді. Тек отбасылық деңгейде белгілі болып, сыртқа шыға бермейді...».

Батыс Қазақстан облыстық прокуратураның аға прокуроры Ж.Аймановтың айтуынша, кәмелетке жасы толмағандарға қатысты жасалатын жыныстық қылмыстың орын алуына негізінен ата-ананың баласына тиісті деңгейде көңіл бөлмеуінен туындайды. Соның нәтижесінде қылмыстың 25,3 пайызы балалардың көшеде қараусыз жүруі, 4 пайызы мектептен келе жатқанда, 3 пайызы жеке үйдің ауласында, 2 пайызы интернет арқылы танысу нәтижесінде болған. Негізінен мұндай қылмыс еш себепсіздіктен (32,2%), кездейсоқ таныстықтан (24,2%), бірге ішімдік ішуден (21,1%), виктимді (қылмысқа итермелейтін) жүріс-тұрысқа (14,1) байланысты орын алған. Зорлау-зомбылық әрекеті көбінесе 5-14 жас аралығындағы балаларға қатысты жасалатынын да талдау нәтижелері көрсетіп отыр...» [3].

Психологтар (Қ.Б. Жарықбаев) «ауытқушы» мінез-құлықтың «девианттықпен» сәйкес келетінін дәлелдеген. Яғни қоғамда қалыптасқан нормалардан ауытқуға жол ашатын мінез-құлық девианттық мінез-құлық дегенін көрсете отырып, олардың түрлерін де берген.

Ауытқушылық-девианттық мінез-құлықтың түрлері ретінде жалпы қылмыстылық, ішкілікке салыну, нашақорлық, жезөкшелік, құмар ойындарына қызығушылық, психопатиялық бұзылу (т.б.) сияқты жағымсыз қоғамға жат әрекеттерді жатқызуға болады. Белгілі психологтың пайымдауынша, ауытқушылық-девианттық іс-әрекет екі үлкен категорияларға бөлінеді. Біріншісі – ашық немесе жабық психопатологиясы бар психикалық саулық нормасынан ауытқитын іс-әрекет. Екіншісі – құқықтық, әлеуметтік және мәдени нормаларды бұзатын әлеуметтік емес іс-әрекет.

Біздің ойымызша, біріншісі – ашық немесе жабық психопатологиясы бар психикалық саулық нормасынан ауытқитын іс-әрекет біз қозғап отырған педофилдерге тікелей байланысты. Себебі, педофилдер өздерінің жымысқы әрекеттерін оңтайлы сәтте жүзеге асыруға және тез ізін «суытып» көптің бірі ретінде топтың арасына «сіңіп» кетуді мақсат етеді.

Жалпы патология адамның басымен, ойлау қабілетімен тікелей байланысты болса, психопатология адамның денінің сау еместігін білдіреді. Біз педофилдерді психикасы ауытқыған адам ретінде қарайтын болсақ, олардың істеген істері сау адамның і-әрекеті. Сау адам балаларға қарсы зорлыққа бармайтынын ескерсек, онда педофилдің қылығын қалай бағалаймыз деген сұрақ тууы әбден мүмкін. Бұл жерде педофилдің іс-әрекетін «бағалау» арты, оның барар жері темір тордың ар жағы.

Психопатологияны көп зерттеген неміс психиатр-теоретигі К.Ясперстің жұмыстарына жүгінсек, психопатологияны ғалым психикалық дерттерді «ішкі себептер» сапасында қарастырған. Бұл ішкі себеп, «сыртқы ақиқат себеппен» өзара қатынасқа түсе отыра К.Ясперстің пікірінше нақты жарымжан адамның психикалық бұзылыстарының ерекше картинасын анықтайды, бұны зерттеу психиатрге тура диагноз қоюға және дұрыс ем тағаяндауға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, ғалымның зерттеулерімен келісуге болады. Себебі, педофилдердің басым көпшілігінің өз «әлемі», өз «ақиқаты», өз ойы мен өзіне құрған «жоспары» бар. Олар сол өзі құрған қақпан мен өзі құрған (психиатр-теоретик К.Ясперс айтқан) ішкі себеп «сыртқы ақиқат себеппен» өзара қатынасқа түседі. Оның нәтижесі – зорлық-зомбылық.

Тәжірибе дәлелдегендей, педофилдер балалармен байланысты мамандықты таңдайды. Ондай жұмысшы ретінде балабақша мен интернаттағы әртүрлі жұмыстар, мектеп пен

университетте сабақ беру, спорт секциясы.

Педофилдер көп уақыттарын балалар ойнайтын алаңда өткізіп, өзінің болашақ «объектісін» ұзақ бақылайды. Тергеу амалдары педофилдердің көбінесе, балаларды сипаттағанда, «таза», «кінәсіз», «періште» деген сөздерді көп пайдаланатынын дәлелдеген [6].

Белгілі ресейлік ғалым Я. Гишинский педофилияға жалпы сипаттама бере келіп, «... педофилдерге қаншалықты көңіл бөлсең, соншалықты олар көбейе береді...» [4] деген еді.

Ғалыммен келіспеске болмайды. Шынында да, педофилдің әрекетінен зардап шеккен бала жөнінде ақпарат көздері арқылы тарай қалса, тәжірибе дәлелдегендей, бірінен кейін бірі бірнеше педофилдік әрекетер орын алады. Оны ғалымдар адам психикасы мен психологиясымен байланыстырады. Ол өте дұрыс байланыс. Себебі, өзімізге белгілі, адам бойында «жасырын» жатқан «таяқшалар» өте көп. Сол «таяқшаларды» «оятатын» күштер болса, ары-қарай ол «таяқша» белсенділік танытып, ағзаны «қирата» бастайды. Педофилдікке бейім адамның әрекеті де дәл осындай. Ақпарат көздері арқылы тараған ақпараттан соң, оның бойындағы «жасырын» ауру оянып, жас балаларға қызығушылығы артып, «мен де істеп көрейін, мүмкін ешкім білмей қалар, жауаптылықтан құтылып кетермін» деген ойлармен өзінің арам пиғылын іске асырады.

Шетелдік Д. Даунас, П. Рок [16] пен А. Уска [17] ресейлік заң ғылымдарының докторы, академик Я.Гишинскийдің пікірі тектес пікір айта отырып, «...педофилдердің болашағы бұлыңғыр болумен қатар ауытқулы...» деген пікір айтқан.

Ойға ой қоссақ, педофилияға барған кінәлінің өзінен бастап, істеген іс-әрекетінің барлығы «ауытқыған» әрекет. Ондай адамдардың ойы да, көңіл-күйі де үнемі ауытқушылыққа ұшырап, жас балаларға қарсы әрекетке барар тұста «белсенділік» танытады деген пікір туындатады.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.І. Қайыржанов педофилдер миының өте белсенді болатынын атап өткен. Яғни Е.І. Қайыржановтың пікірінше, «...педофилдің жаман жаққа бағытталған арам ойының алдын-алу керек» [5].

Неміс ғалымдары магниттік ультра зерттеу арқылы педофилдер миының жиі жұмыс істеуі – жас балаларды көргенде бірнеше рет артып, белсенділік танытады екен. Сондай сәттерде педофилдер өздерінің арам ойын жүзеге асырып үлгереді екен.

Шетелдік ғалымдардың пікіріне сүйенсек, педофилияға әкелетін девианттық міне-құлықтан туындаған «шектен шығушылық». Д.Фишбейн [8] өз зерттеулерінде педофилдік әрекетті «...девианттықтың бір бөлшегі...» ретінде қарастырып, оның зардабын болдырғанша, болдырмау жолдары мен алдын-алу жақтарын қарастыруды ұсынған. Дәл осындай пікірді қолдаған ғалымдар да (Ch.Goring, Дж.Сипа, С. Bryant) педофилдік әрекеттің алдын алмаса болмайтынын атап өткен.

С. Брайант жалпы қылмысқа тоқтала келіп, жас балаларға қатысты жасалған педофилдік әрекеттің статистикалық жақтарын салыстыра отырып, жыл өткен сайын педофил таңдаған жәбірленушілердің жас шамасының «жасара» түскенін көрсеткен [9]. Дж. Сипа да дәл осындай пікірді қолдаған [10].

Жалпы педофилдерге қатысты деректер әйел-педофильдердің де бар екенін көрсеткен, бірақ олар өмірде сирек кездесетін көрінеді.

Уақыт тілін сәл кейін шегіндіріп, өткенге көз жүгіртсек, жалпы ислам дінінде балаларды зорлағандар отбасылы болса, бұрындары таспен ұрып өлтіріліпті. Бойдақ болса, 100 дүре соғылыпты. Ондай дүреден де адамның тірі қалуы екі талай екені айтпаса да белгілі [11].

Қазіргі кезде ислам елдерінде адам зорлағандар бірден өлім жазасына кесіледі. Мәселен, Сауд Арабиясында басын шауып тастайды. Польша, Қытай, Германия және бірқатар Араб елдерінде қылмыскердің еркектік безіне химиялық ота жасайды, яғни піштіріп тастайды.

Шетелдік ғалымдар Х. Холлос Х., П.Р. Кован балаларға зорлық көрсеткендер үшін «...әлеуметтік оқшаулаудың...» маңыздылығы зор екенін көрсеткен. Олардың ойынша, педофилдерді әлеуметтік оқшаулау арқылы қылмыстың екінші рет қайталанбауына тосқауыл қоюға болады [12].

Осы тектес пікірді қолдағандар қатарынан көрінген С. Финер, М. Неллис те «қылмыс пен әлеуметтік оқшаулау» бір-бірімен тығыз байланысты екенін түсіндіре келе, педофилдікке барған адамдарға қарсы құрал ретінде қолдануда оқшаулаудың «пайдасы» зор екенін дәлелдеген [13].

Қазіргі кезде түрмеде жалпы зорлау бабымен түскендерді сол түрмедегілердің өзі аямайтыны белгілі. Өзіне де солайша зорлық көрсету қаупін жоққа шығаруға болмайды. Ал жас баланы зорлап түскендерді камераластарының өзі-ақ өлтіріп жіберетін оқиғалар жиі ұшырады.

Шынымен де, соңғы жылдары өте көбейіп кеткен педофилге байланысты проблема тек Қазақстан мемлекетін ғана емес, әлемді алаңдатқан проблемаға айналып отырғанына куә боламыз.

Керегесі берік, шаңырағы биік Қазақстан мемлекеті үшін де бұл проблема күн тәртібінен түспейтін проблемаға айналды. Олай деуге басты себеп, бұл қылмыстың жылдан-жылға азаймай, керісінше, көбейе түсуі қоғамды алаңдатып, ат төбеліндей аз ғана педофилдердің адам айтқысыз әрекетінен халықтың «балаларына олардың зорлық-зомбылығы тиіп кетме» деген алаңдаушылығы.

Алаңдаушылық болмас үшін ескерту, алдын-алу шараларын үнемі жүргізіп отыру керек. Бұл да үлкен проблема. Себебі, ешкімнің маңдайында зорлық-зомбылыққа бейім екендігі жазылып тұрған жоқ. Оны анықтау үшін біздің пікірімізше, мемлекет тарапынан қабылданған арнайы бағдарлама болу керек. Ол бағдарлама мәселен, «Жас балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу» деп аталса, онда балаларға қатысты жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды комплексті түрде қарастыра отырып, әсіресе, өзіміз сөз етіп отырған педофилияға басымдылық танытса, оның алдын-алудың тиімді жолдары қарастырылса...

Біздің ойымызша, бағдарламаны жасауға педагогтар мен психологтар, дәрігерлер мен құқық қорғау қызметкерлері, жалпы бала тағдырына бей-жай қарамайтын ата-анаға дейін қатыстырылып, талқыланса, содан кейін құқықтық деңгейде сараланып, жарияланса деген ойға ой қосу арқылы өз ойымызды сыртқа шығару.

Сол бағдарлама негізінде, арнайы құралдардың көмегімен педофилдікке бейімділігі бар адамдарды анықтап, есепке алып отырса, онда тиімділігін берері сөзсіз.

Қорытынды. Адамның ішкі қылмыстық ауытқушылығы болып табылатын педофилияны анықтап, алдын алу проблемасы сол күйінде қалып отыр. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ауытқушылықты адамның бет-әлпетіне қарап, танып-білу мүмкін емес. Проблема деуіміз содан.

Ал, анықталған жағдайлар балаларға қатысты орын алған жағдайларға байланысты ақпарат көздері арқылы таралып, әшкереленіп жатады. Біздің пікірімізше, ақпарат арқылы таратуды шектесе деген ой бар. Олай деуімізге себеп, жалпы психологтардың пікіріне сүйенсек, жарыса жазған баспасөз бен жарыса хабарлаған көгілдір экраннан кейінгі «жаңалықтардан» соң жат әрекет (педофилия) бірден көбейеді екен. Сондықтан, психолог мамандар пікіріне құлақ аса отырып, «жаңалық» ретінде тарату шектелсе, бұл «жаңалық» болатындай жақсы жаңалық емес, жасөспірімге қатысты қылмыстық құқық бұзушылық болғандықтан, ол – қоғам індеті. Бұл – әрине, жеке субъективті көзқарас.

Жалпы ішкі қылмыстық ауытқушылығы бар адамдармен ескерту, алдын-алу шараларын үнемі жүргізіп отырылуы керек. Бұл да үлкен проблема. Себебі, ешкімнің маңдайында зорлық-зомбылыққа бейім екендігі жазылып тұрған жоқ. Оны анықтау үшін біздің

пікірімізше, мемлекет тарапынан қабылданған арнайы бағдарлама болу керек.

Бұл – бірінші ұсыныс.

Сондай-ақ, педофилияның алдын-алу біздің ойымызша:

2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 47-бабында қарастырылған «өлім жазасына» қатысты белгісіз мерзімге дейін жарияланған мораторийді тоқтатып, балаларға зорлық істеген педофилдер үшін өлім жазасын енгізіп, қылмыстық заңның осы бабына өзгерту енгізу керек;

3. Дереккөздері бойынша, педофилдерді емдеу мүмкін емес, сондықтан, оларды өмір бойы түрмеде отыруға бас бостандығынан айыру керек;

4. Қазақстанда педофилдерді үнемі бақылап отыру үшін оларға арнайы ГЛОНАСС «электронды браслетін» кигізу керек (Бұл АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Эстония мен Оңтүстік Корей елдерінде қолданылса, көршілес Ресейде бас бостандығынан шектеу ретінде қолданылады);

5. Ішкі Істер органдарында тек педофилдер ісімен айналысатын арнайы бөлімдер ашу керек (ол бөлімдер балабақша, мектептерге барып, мағлұматтар беріп отырса, ол балаларды зорлық-зомбылықтан сақтауға, алдын-алуға көмектеседі);

6. Елімізде педофилдерді химиялық піштіру жазасы 2018 жылдан бастап қолданылады, біздің ойымызша, педофилге бейім адамдардың барлығына осындай жазаны қолдану керек. Бұл да алдын-алуға көмегін тигізеді.

7. Педофилдік әрекет болып жатса, оны ақпарат көздері арқылы таратпау керек (себебі, психологтардың, психиатрлардың, заңгерлердің пікірінше, педофилдер ондай «жаңалық» естісе, өз ойын іске асыруды бірден жоспарлап, бірден жүзеге асырады екен);

8. Қазақстанда 2015 жылдан бастап, педофилдердің аты-жөні, суреті жарияланған сайттар базасы енгізілгені белгілі, ол сайтқа ойын баласы кіре бермейді, сондықтан, балабақша, мектеп, университеттерде осы мәселеге байланысты арнайы сағаттар бөлінсе.

Бұл - тек ұсыныс. Егер біздің немесе студенттердің пікірін жобадан тыс заңдылықтарға қатысты сұрап жатса, біз осындай ұсыныстарды ұсынар едік.

Көріп отырғанымыздай, педофилия – қоғам дерті, ғасыр індеті. Бұл індеттің алдын алмаса, асқынуы мүмкін. Осы «мүмкін» сөзінің болмау үшін, қылмыстық жазаны нығайту керек. Нығайту керек дегенде, тек педофилдерге қарсы қылмыстық жаза өлім жазасын «қайтару» керек сияқты.

Қоғам үшін бала өмірі, денсаулығы, бостандықтары мен құқықтарының қорғалуы бірінші орында тұратыны белгілі. Сондықтан, күнде «ертеңге» салмай, мемлекеттік деңгейде жазаны нығайтып, жас балалар өмірін «лайлаған» педофилдер үшін мароторий алынып тасталып, педофилдерге өлім жазасын қолданса, құба-құп болар еді. Сонда ғана бұл дерттің азабына жол ашылады деген ой мен үміт бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).
- 3 Айманов Ж. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық өршіп тұр.-Құқықтық Қазақстан газеті 10 маусым 2016 жыл
- 4 Гишинский Я.И. Девиантология: социология преступности, наркотизма, проституции, самоубийств и других «отклонений» СПб.: Юрид. центр Пресс, 2004 518 с.
- 5 Қайыржанов Е.І. Криминология. - Алматы, 2009 -284 б.

- 6 Созақбай Б. «Педофилия» дерті. - 2019. URL: <https://baq.kz/> (Қар. мерзімі: 21.07.2019)
- 7 Педофилия в Казахстане: информационный аспект // Инфографика.-Интернет журнал - 2018. URL: <https://vlast.kz/> (Қар. мерзімі: 21.07.2019)
- 8 Fishbein D. Biobehavioral Perspectives in Criminology. Wadsworth, Thomson Learning, - 2001, 95 p.
- 9 Bryant C. Encyclopedia of Criminology and Deviant Behavior. - 2001. Vol. 1. Historical, Conceptual, and Theoretical Issues. Brunner-Routledge, - с. 88-92
- 10 Сипа J. The Relativity of Deviance. SAGE Publications. - 2000. Inc., -210 с.
- 11 «Педофилия - это болезнь XXI века» - 2018. URL: <http://www.km.ru/v-rossii> (Қар. мерзімі: 21.07.2019)
- 12 Hollos H., Cowan P.R. Social Isolation and Cognitive Development. // D.Levine /ed./ Nebraska Symposium and Motivation. Lincoln, - 1973, - 296 p.
- 13 Finer C, Nellis M. (Eds.) Crime and Social Exclusion. Blackwell Publishers Ltd., 1998, -99 p.
- 14 Neumeyer M.N., Neumeyer E.S. Leisure and Recreation.-New York, - 1958, - 288 б.
- 15 Cooperation and competition amend primitive peoples New York;London, - 1937, -280 б.
- 16 Downas D. Rock P. Understanding . - В., - 2005, - 165 б.
- 17 Uska A. Perspectives oni deviance. -New Jersey, - 1987, - 387 б.

Р. А. Орсаява¹, А. С. Сулейменов²

*Восточно-Казахстанский государственный университет
им. С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан*

Педофилия: предупреждение и проблемы наказания (уголовно-правовая квалификация насилия против малолетних детей)

Аннотация. В статье рассматриваются насильственные действия по отношению к малолетним детям, число которых в последние годы возрастает. Как известно, насилие в отношении детей - это самая серьезная из правонарушений. Не говоря уже о том, что каждый аномальный поступок, совершаемый в отношении малолетних, наносит огромный ущерб их будущему. Насилие приводит к психологическому «спаду» малолетних детей и стрессу, приостанавливает их нормальное развитие и ставит определенный «барьер» для их будущего. Что нужно сделать, чтобы предотвратить такие уголовные преступления? Что мы можем сделать, чтобы вылечить их от депрессии? Что делать, чтобы избежать такого антиобщественного уголовного правонарушения? Что мы можем сделать для профилактики? Эти вопросы возникают у всех, кому небезразлична судьба детей.

Число сексуальных насилий над малолетними детьми в последние годы свидетельствует о том, что данное явление превратилось в эпидемию.

В статье авторы намерены рассмотреть педофилию на уголовно-правовом уровне, представляя ее как внутреннее отклонение человека. Также здесь затрагиваются основные причины» данного отклонения и пути его профилактики.

Авторы выражают свою точку зрения, опираясь на Уголовный кодекс Республики Казахстан, статистические показатели Генеральной прокуратуры Республики Казахстан и мнения известных ученых.

Также даны конкретные рекомендации по профилактике педофилии.

Ключевые слова: малолетние дети, уголовное правонарушение, отклонение, педофилия, уголовная ответственность.

R.A. Orsaeva, A.S. Suleimenov

East S.Amanzholov East Kazakhstan State University
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

**Domestic criminal rejection of man: the problem of pedophilia
and punishment for them (criminal law qualification of violence against
young children)**

Abstract. The article deals with violent actions against young children, which have been growing up in recent years and often occur. As you know, violence against adolescents is the most serious of the offenses. Not to mention the fact that every act of a stranger committed against teenagers causes great damage to their future.

Violence leads to psychological «decline» of young children, as well as to moral stress. The sides of the immortal «heat» construction jaspinder through normal growth and improvement in the way, at a certain level in the future «interception»? What to do to avoid such antisocial criminal offense? What can we do to prevent it? And these are the questions that, despite the fact that the fate of the child will not leave indifferent, obvious.

Despite the fact that the criminal code of the Republic of Kazakhstan provides for strict criminal liability for criminal offences against minors, «violating» the norms of the law, it is no secret that in recent years the number of cases of sexual violence against young children has increased. It is an epidemic that is fighting society.

In the article, the authors intend to reveal pedophilia at the criminal law level, demonstrating it as an internal human deviation.

The article considers the main causes of «disease» and analyzes their prevention. In the article the author, based on the criminal code of the Republic of Kazakhstan, guided by the statistical indicator of the General Prosecutor's office of the Republic of Kazakhstan, analyzed his thoughts .it was combined with the opinion of famous scientists.

The authors of the article gave specific recommendations for the prevention of pedophilia.

Keywords: juvenile children, criminal offense, rejection, pedophilia, criminal liability.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy. 1995 zhyly 30 tamyzda respublikalyk referendumda kabyldangan (koldanystagy redakcijasynda) [General provisions the Constitution of the Republic of Kazakhstan. Adopted at the Republican referendum on August 30, 1995 (as amended)]
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi. Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhyly 3 shildedegi Kodeksi (koldanystagy redakcijasynda) [Criminal code of the Republic of Kazakhstan. Code of the Republic of Kazakhstan of July 3, 2014]
- 3 Aymanov J. Violentia contra filios progreditur, [Violence against children], «Yuridicheskaya Gazeta» of June 10 [Legal Kazakhstan newspaper on June 10], (2016)
- 4 Gilinskij Ja.I. Deviantologija: sociologija prestupnosti, narkotizma, prostitucii, samoubijstv i drugih «otklonenij» [Devianology: sociology, discrimination, narcotism, prostatitis, self-censorship and others «octloneniy»] (Piter.Kom., SPb, 2004, 518 p.)
- 5 Kairzhanov E. I. Criminology, [Criminology] (Almaty, 2009, 284 p.)
- 6 Sozakbai B. «Confúndar» notitia ratio[«Deviantology» disease]. [Electronic resource]. Available at: <https://baq.kz/> (Accessed: 21.07.2019)
